Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРУ – ҰЛТ БІРТҰТАСТЫҒЫНЫҢ БАСТАУЫ

2-бет

Дулат ИСАБЕКОВ:

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ – ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

6-бет

Смағұл ЕЛУБАЙ:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУГЕ МІНДЕТТІ БОЛУЫ КЕРЕК!

6-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №6 (928) 8.02.2021 jyl

«АҚ ЖОЛ»:

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІН

ЖЕКЕ ДАРА АНЫҚТАЙТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ

Мемлекеттік тілдің мәртебесін жеке дара анықтайтын уақыт жетті! Себебі, Тілдер туралы алғашқы заң қабылдаған 1989 жылы Қазақстан Кеңес Одағы құрамынан әлі шықпаған кезі еді. Бұл кезде қазақтар елімізде ең көп ұлт болғанның өзінде 39 пайыз болатын. Сондықтан ол кезде бұл заңдылық болып қабылданды. Кейін де 1997 жылғы «ҚР Тіл туралы заңымыз» да осы ескі сүрлеумен Кеңес империясы кезіндегі талаппен кетті. Ал қазір Тәуелсіздігімізге отыз жыл толған кезде мемлекеттік тіл туралы өз статусын толыққанды атқара алмаған заңымыз демографиялық және демократиялық заңдылықтармен өз күшін жойып отыр...

4 бет

ҒАЖАЙЫПТАР ТҰҢҒИЫҒЫНА ҮҢІЛГЕН

...Алау жастығымыз, алаң жылдарымыз «Ленжастың» (қазіргі «Жас Алаш») қасиетті шаңырағы астында бірге өткен кешегі бозым қалам иесі, бүгінгі белгілі қарымды жазушы-журналист Мағира Қожахметованың әр жазғаны есте.

8-9 бет

СЕҢ ҚОЗҒАЛДЫ,

ЕЛ ДЕ ҚОЗҒАЛУЫ КЕРЕК!

Күні кеше Қазақ елі Парламентінде тарихи оқиға болды. Ахаң айтқандай: «Жұрт бүгіншіл, менікі ертең үшін!» дегендей қоғам қайраткері, ақын, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса ағамыз Үкімет басшысы, Премьер-министр Асқар Мамин Ұзақбайұлына мемлекеттік тіл – қазақ тіліміздің мәртебесін көтеріп, статусын жеке дара анықтау жөнінде депутаттық сауал жолдады. Мұны «Ақ жол» партиясының 12 депутаты қолдап қол қойды.

6 бет

МҰҚАҒАЛИДЫҢ МҰҒАЛІМІ

Қарасазға барғанымда бізге қазақ әдебиеті мен қазақ тілінен сабақ берген Жалғас Келдібекова апайға бір соғатынмын. Оның өзіндік себебі, ұлағатты ұстаз, көненің көзі деп құрметтеуім. Жалғас апай әңгімені де жақсы айтатын.

10 бет

Торегали КАЗИЕВ:

ЧТО ЖДЕТ РК

В УСЛОВИЯХ БИОЛОГЧЕСКОЙ, «ГИБРИДНОЙ» ВОЙНЫ

12 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРУ – ҰЛТ БІРТҰТАСТЫҒЫНЫҢ БАСТАУЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның алғашқы отырысы өтті. Мемлекет басшысы ел тарихындағы елеулі мереке кезінде құр даңғаза мен ысырапшылдыққа жол беруге болмайтынын, әрбір шараны елге пайдасы тиетін нақты істерге ұластыру қажет екенін баса айтты.

«Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы – бұл ел тарихындағы айрықша маңызды кезең. Біз осы жылдарда атқарылған жұмысты қорытындылап, алдағы мақсатымызды айқындаймыз. Қазір заман басқа. Адамдардың санасы да айтарлықтай өзгерген. Оған қоса, бүгінде барша әлем жұртшылығы күрделі кезеңді бастан өткеруде. Қаржыны оңды-солды жұмсап, ұлан-асыр той жасайтын уақыт емес. Тиімсіз форумдар мен конференциялар өткізу де қажет емес»- деді мемлекет басшысы. Ол алдағы уақытта да экономика, әлеуметтік сала, білім, ғылым және басқа да бағыттар бойынша тың жобалар қолға алынатынын, 30 жылдықтың тұжырымдамасында көрсетілгендей Үкімет арнайы жоспар әзірлегенін жеткізді.

Қ. Тоқаев сол сияқты заматтардың арыз-тілектеріне жедел жауап беру қажеттігін, министрлер мен әкімдер «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын берік ұстануға тиістілігіне ерекше назар аударды. «Ең бастысы, Тәуелсіздіктің игіліктерін әрбір отандасымыз күнделікті тіршілігінде сезіне алатын болса – мақсатымыздың орындалғаны. Тиімді заңдар қабылдау арқылы маңызды реформалардың негізі қаланады. Экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңғыруды табысты жүзеге асыра алсақ – елге жасаған ең үлкен сыйымыз осы болмақ» -деді Президент. Мемлекет басшысы тіл мәселесіне де тоқталды. «Қазақ тілін меңгеру – біртұтас ұлт болу жолындағы айрықша маңызды қадам. Сондықтан, тіл үйренуге талпынған азаматтарымызды бәріміз қолдайық. Мемлекеттік тілді білетін әрбір азамат қазақша үйренгісі келген досымен, әріптесімен немесе танысымен өз білімін бөліссін» – деп кеңес берді. Қ. Тоқаев мемлекеттік нышандарға құрмет – отаншылдықтың көрінісі екенін, осы орайда, рәміздерімізді қолдану ережесін қайта қарауға тапсырма бергенін айтты. «Қасиетті көк байрағымызды үй сыртына және басқа да көрнекті жерлерге ілуге тыйым салуға болмайды. Керісінше, азаматтардың мұндай әрекетін құптау керек!» – деді мемлекет басшысы.

КАРАНТИН ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ, БІРАҚ...

ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Ерлан Қиясовтың карантин шараларын жеңілдету туралы жаңа қаулысы жарияланды. Қаулының жаңа ережелеріне сәйкес, білім беру ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану нысандарының қызметіне рұқсат етіледі.

Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінен келетін адамдарға қатысты бірқатар іс-шаралар белгіленді. Соның ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде оларды ертіп жүретін адамдарда ПТР әдісімен COVID-19-ға тесттен өткені туралы берілген мерзімі үш тәуліктен аспайтын анықтама болуы міндет. 5 ақпандағы эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес, Қазақстанның үш облысы «қызыл» аймақта тұр. Олар: Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары. Батыс Қазақстан «сары» аймаққа өтті. «Сары» аймақта сол сияқты Нұр-Сұлтан қаласы, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Атырау, Қарағанды облыстары бар. Қалған өңірлер мен қалалар – «жасыл» аймақта. Карантин жеңілдетілді, бірақ сақтық шараларын қатаң сақтауға міндеттіміз, індеттің таралмауы әрқайсымыздың қолымызда екенін ұмытпағанымыз жөн.

БІЛІМ ГРАНТТАРЫНЫҢ БАҒЫТЫ БЕЛГІЛЕНДІ

Кадрларды даярлауға арналған гранттар сұранысқа ие бағыттарға ғана бөлінеді. Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов айтты.

«Жоғары білім беруде кадрларды даярлауға арналған гранттар сұранысқа ие бағыттарға ғана бөлініп, кәсіптік бағдарлау жұмысы күшейтіледі. Кәсіптік стандарттар мен атлас негізінде жаңа бағдарламаларды әзірлейміз. Сонымен қатар заң талабын бұзған және сыбайлас жемқорлық үшін лицензиядан айыруға дейінгі жауапкершілікті нормативтік-құқықтарға бекітуге дайындадық. Мемлекеттік бақылау жөніндегі заңнамаға лицензиялау және тексеру тәртібін өзгерту, лицензияларды қайтарып алу рәсімі бойынша нормаларға өзгерістер енгіземіз. Білім сапасы төмен жоғары оқу орындарын жабуды ары қарай жалғастырамыз», – деді Асхат Аймағамбетов. Қазақстанда бұған дейін 25 жоғары оқу орны лицензиясынан айырылды.

ЖЕМҚОРЛАРҒА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІЗДЕУ ЖАРИЯЛАНДЫ

Құрдымға кеткен Tengri Bank-тің экс-менеджерлеріне халықаралық іздеу жарияланды. Бұған дейін қаржы ұйымының бұрынғы басшылары миллиардтарды жымқырды деген күдікке ілініп қылмыстық іс қозғалған болатын.

– Ол азаматтардың біреуі департамент бастығы Бақытов және тағы бір жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Рахметова. Егер аталған азаматтарды қай жерде екенін білген жағдайда, Алматы қаласы бойынша экономикалық тергеу департаментіне хабарлауды сұраймыз, – дейді күдіктілерден көз жазып қалған Алматы қаласы экономикалық тергеу департаментінің ресми өкілі Жақсылық Мырзахан. 44 жастағы Алмас Бақытов банктің әкімшілік-шаруашылық департаментінің директоры болған. Тоғжан Рахметова соның бақылауындағы компаниялардың бірін басқарған. Оларға қамауда ұстау туралы бұлтартпау шарасы тағайындалған. Банктің экс-менеджерлері 5 миллиард 400 миллион теңгені жымқырған деген күдікке ілінген. Tengri Bank басқарма төрағасының бұрынғы орынбасары мен Алматы қаласындағы филиал директорының экс-орынбасары ұсталған. Ал қаржы ұйымы былтыр қыркүйекте лицензиясынан айырылғаны белгілі. Бұған банктің заң бұзушылықтарға жол беруі себеп болды.

НЕГІЗСІЗ БЮДЖЕТ ШЫҒЫНЫ БОЛМАСЫН

Мемлекет басшысы Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрліктің 2020 жылы атқарған жұмыстарының нәтижелері, Президент Жолдауында қаржы саласына қатысты айтылған тапсырмаларының орындалу барысы, ведомстволық алдағы негізгі міндеттері жайында баяндалды.

Министр бюджеттің тең бөлінуін қамтамасыз ету, салықкеден әкімшілігін цифрландыру, көлеңкелі экономиканың көлемін азайту, мемлекеттік активтерді басқарудың тиімділігін арттыру, сатып алу мен мемлекеттік аудит жүйелерін жетілдіру туралы айтты. Мемлекет басшысы үш жылдық республикалық бюджетті оңтайландыруға және сапалы әзірлеуге қатысты бірқатар тапсырма берді. Қасым-Жомарт Тоқаев салық-кеден әкімшілігін цифрландыру жұмысын толық ойластырып, белгіленген мерзімде орындаудың маңыздылығын атап өтті. Президент мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы жетілдіру қажеттігіне тоқталды. Оның айтуынша, ұсынылып отырған барлық жаңа заңнамалық бастамалар әбден пысықталуы тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аудиторлық қызметті тиімді етіп, ресми органдардың негізсіз бюджеттік шығындарын анықтап, оның алдын алу шараларына баса мән беруді тапсырды.

ОРТАҚ ВАЛЮТА ЕНГІЗІЛМЕЙДІ

Еуразиялық экономикалық одақта бірыңғай валюта енгізіле ме? Енгізілсе оның қазақстандықтардың тұрмысына қалай әсер етпекші? Бұл сұрақ көпшіліктің көкейінде жүргеніне біраз жылдардың жүзі болды.

Экономика және қаржылық саясат жөніндегі Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының мүшесі Тимур Жақсылықов ЕАЭО шеңберінде жақын арада бірыңғай валюта енгізілуіне қатысты өз пікірін білдірді. «Бұл – ең жиі қойылатын сұрақ. Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы бірде-бір келісімшартта, ЕАЭО шеңберіндегі бірде-бір актіде бірыңғай валюта енгізу туралы айтылмаған. Мұндай жоспар жоқ. 2025 жылға дейінгі даму стратегиясында мұндай жоспар жоқ. Бұл туралы келіссөздер жүргізілмейді және бұл тақырып талқыланбайды. Менің ойымша, бірыңғай валютаны енгізудің объективті алғышарттары әлі жетіле қойған жоқ», – дейді Тимур Жақсылықов.

ЖАС СПОРТШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Биыл елордада спортшы жасөспірімдерді қолдау мақсатында қала әкімінің атынан 50 грант тағайындалады.

Спортта жоғары жетістіктерге жеткен балалар, жасөспірімдер және спорт мектептері түлектеріне кәсіби білімін жалғастыру үшін «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 50 спортшыға Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің грантын бөлу жоспарланып отыр. Одан бөлек елордада жаңа спорт кешені жұмыс істей бастады. «Астана-Арена» стадионында жауынгерлік өнер орталығы ашылды, онда 10 олимпиадалық емес спорт түрінен (джиу-джитсу, панкратион, самбо, жауынгерлік самбо, грепплинг, муай-тай, ММА, белбеу күрес, шинки-окушинкай, киокушинкайкан каратэ, қазақ күресі) қала құрамасы жаттығатын болады. Бұған қоса биыл елордада алғаш рет спортшыларға арналған сауықтыру диспансері ашылмақ.

ҚОС АЗАМАТТЫҚ ШЕНЕУНІККЕ КЕДЕРГІ ЕМЕС

Қос азаматтығы бар шымкенттік шенеунік мемлекеттік қызметтен кеткісі жоқ. Шымкент қалалық спорт басқармасын басқаратын Олег Почивалов Ресейдің де азаматы екені анықталды.

Біздің елде қос азаматтыққа тыйым салынғандықтан, ол Қазақстан азаматтығынан айрылды. Шымкент қаласы ПД азаматтық және көші-қон бөлімінің басшысы Гүлжан Нысанбаеваның айтуы бойынша, Көші-қон басқармасының қортындысымен 1974 жылы туылған азамат Почивалов Олег Владирович Қазақстан Республикасының азаматтық туралы заңның 21-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған. 46 жастағы шенеунік былтыр маусым айынан бері Шымкенттің Дене шынықтыру және спорт басқармасын басқарып келеді. Оған дейін Олег Почивалов атыс түрлері бойынша Олимпиадаға дайындық орталығына жетекшілік еткен. Қос азаматтығы бар адамның мемлекеттік қызметке қалай орналасқаны да белгісіз. Полиция тексеріп, сот азаматтықтан айырса да, Олег Почивалов осы елдің азаматымын деуден танбай отыр. Тіпті, өзге елдің азаматын жұмысқа қабылдаған Шымкент қаласының әкімдігі де шенеунікте Ресей азаматтығы бар екенін мойындамайды. Қазір уақытша еңбек демалысына кеткен ол енді полиция департаментімен соттаспақшы.

ҰЛТТЫҢ МӘНІ – АНА ТІЛІНДЕ

Жалпы, ұлтқа жапа шектіретін, қиянат жасайтын қазақ тіліне кері әсері бар қазақ тілінде сөйлеуге бейілсіз, ырқы жоқ мамандарды ұлттық маңызды жұмыстарға алуға тиым салатын Заң неге жоқ елімізде?! Осындай заң болмаған соң, орыс тілділерді жұмысқа бірінші кезекте қабылдауда.
Алыстан «Алаш» десе аттанамын. Қазақпын «Қазақ» десе мақтанамын! Болғанда әкем – қазақ, шешем – қазақ! Мен неге қазақтықтан сақтанамын! – деп, «Алаш» арысы Міржақып Дулатұлы жиырмасыншы ғасырдың басында айтқан екен. Дәл қазір бұл сөзді Нұр-Сұлтан қаласындағы «ikomek» 109 анықтамалық-ақпараттық орталығында теориялық оқытатын әдіске айтуға тура келіп тұр. Неге десеңіз орталықтың оқыту әдістемесі көрші мемлекет ресейдің тілінде өтеді.

Екі апта бойы сабақ орыс тілінде өткенін көргенде, қазақ тілін талап етпеген қазақ жастарының немкетті, некұрайлы өздерін танымағанына қайран қалдым! Іштей күйзеліп, құлазыдым. «ikomek» 109 анықтамалық- ақпараттық қызмет көрсету орталығының әдістемелік көрнекілік құралдары түгел дерлік орыс тілінде жазылған. Қазақ тілінде қызмет көрсету жоқ. Құлақ кесті құлға айналып, құлдық санасын тесіп шыққаны сонша, әдіскер тіпті менің қазақша сөйлегенімді жақтырмай, «Сіз орысша білесіз бе? «Общество» сөзінің қазақшасы қалай?» деп намысыма тиді. Оқу барысында топ бойынша екі тыңдаушы ғана «Қазақ тілінде айтуға бола ма?» деп рұқсат сұрап барып қазақ тілінде жауап беруге мүмкіндік алдық. Масқара ма, масқара емес пе бұл? Әлеуметтік төлемдердің әрқайсысының қазақшасы бар. Мысалы, «Всеобуч» сөзін үйретіп жатыр. Бұл сөздің қазақшасы бар ғой. Қалалық әкімдіктің «Мектепке жол» деген «Атамекен» кәсіпкерлікті қолдау ұйымымен бірлесіп жыл сайын жағдайы жоқ оқушыларға беретін әлеуметтік көмек түрі. Осының орысшасын емес, қазақ тілінде айтуын үйретсе болмай ма? Әлде, қазақ тілінде үйрету үшін жоғарыдан рұқсат керек пе? Осы дұрыс па? Ал, орыс тілділерден «қазақ тілің қалай?» деп сұрамақ түгілі, қазақ тіл білімі сауаттылығын талап етіп, емтихан алған ешкім жоқ. Қазақ тілі мәселесінде саясаттан бұрын, қазақтардың өзі ұлттық намыссыздықтан орыс тілінде сөйлейтін сияқты. Сен жанбасаң алаулап, ол жанбаса алаулап, ана тілің мен ұлттығыңды кім қорғамақ?! Көзі қарақты оқырманның тәуелсіздік алғаннан кейін, 1993 жылы мәжіліс мінберінен, «Орыс тілді болып кеткен мамандарды қазақ тілін үйренбей, қазақыланбай мемлекеттік қызметке жолатпау керек» деп шырылдаған Шерхан Мұртазаның қаупі есінде болар.

Сол ұлттық қауіп дәл қазір қазақ халқының алдынан шығып, Шерағамыз қауіптенгендей орыс тілді мамандар халыққа қызметтің барлық саласын басып алып, өз басқыншылықтарын жүргізіп отыр. Қазақ тілді қазақтардың заңдық, азаматтық тұрғыдан құқығы тапталуда. Ұлттығына тізе батыруда.

Шыны керек, соңғы жылдары қазақы, қазақ тілділерді жұмысқа алуда орыс тілділер тарапынан шеттету анық байқалуда. Бұл үрдіс ұлттық рухын басындармайтын арлы, намысты, ұлтшылдарға ауыр соққы болып тұр. Ұлт, ұлттық құндылықтар, қазақ тілі тұншықтырылмасын деп әйгілі «Желтоқсан» көтерілісіне қатысқанда мен он сегіз жаста едім. Ұлттық ұйысу санам қалыптасқан кез еді. Ал, мына жастар тәуелсіз мемлекетте өмір сүруде. Бұларға өз ана тілінде сөйлеп, жазуға кім кедергі?! Жалпы, ұлтқа жапа шектіретін, қиянат жасайтын қазақ тіліне кері әсері бар қазақ тілінде сөйлеуге бейілсіз, ырқы жоқ мамандарды ұлттық маңызды жұмыстарға алуға тиым салатын Заң неге жоқ елімізде?! Осындай заң болмаған соң, орыс тілділерді жұмысқа бірінші кезекте қабылдауда. Жұмысы бар адамның жейтін наны, несие төлейтін кірісі болады. Ал, қазақ тілділер «Қазақ тілі» құсап есіктің сыртынан сығалап, несие төлей алмай, нанға жарымай жүр. Күмпің – күмпің етіп жүретіні де қазақтілділер. Сауда орталығындағы ойын алаңына қарапайым бақылаушы болып жұмысқа тұру үшін ауылдан келген қазақ жастарының орыс тілін үйренуге мәжбүр болып, орысша сөз жаттаған әрекетіне куә болғанмын. Әлемде өз елімізде жүріп орысша білмесең нан тауып жеуің қиындыққа ұрындыратын мемлекет тек біз ғана шығар.

Әрине, қазақ тілінің төркіні тым тереңдеп кеткен. Тереңде жатыр. Оны ашу үшін Жүсіпбек Аймауытовтың «Ана тілінде оқып, білім алмаған бала ешқашан ұлтқа қызмет етпейді» деген сөзін айтқым келеді. Бұл сөз мағынасын кейбіреулер ұқпайтын шығар. Ұғу үшін әуелі «Ұлтың кім?» соны анықтап ал. Сосын, «Ұлтқа қызмет деген не?» деген сөзді түсіну үшін «Ұлттың мәні неде?» деген сұраққа жауап изде. Қазақ халқын мәңгүрттендіріп, жерін жаулауды жүргізген қаскөй орыс генералы Сперанский «Қазақ елін жаулап алғымыз келсе, ол ұлтты әуелі АНА ТІЛІНЕН айырамыз. АНА ТІЛІН ұмытқан ұлт рухынан айырылады. РУХЫНАН айырылған ұлт ешқашан өзін ТАНЫМАЙДЫ. Өзін жоғалтады» деген. Ал, қазақтың бет бұрар құбыласы, рухани бас ұстазымыз Ахмет Байтұрсынов «Тілін жоғалтқан ұлттың, өзі де жоғалады» деген. Міне, «ұлттың мәні неде?» деген сұраққа іздеген жауап осындай. Демек, саясатта қазақ тілін сақтау-ұлтты сақтау екеніне көз жеткіземіз. Ұлттың мәні – ана тілінде. Ана тілін жоғалтқан ұлт, ұлт санатына жатпайды. Тілдің тамырында адамның тектілігі, жоғары мәдениеті, ар-намысы мен рухани қазынасы жатады.

Зүбайра ӘКІМ,
журналист

ДӘРІГЕР ІС-ҚАҒАЗДАРЫН ҚАЗАҚША ЖҮРГІЗГЕНІ ҮШІН ЖҰМЫСТАН ҚУЫЛДЫ

Белгілі дәрігер Ғабит Нұрханұлы өзінің заңсыз жұмыстан шығарылып жатқанын айтып мәлімдеме жасады. Ғ.Нұрханұлының айтуынша, өзінің жұмыссыз қалуына күнделікті дәрігерлік есеп-қисаптар мен іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізуі себеп болған. Бұған қарсы болған бас дәрігер білікті маман екеніне қарамастан Ғабит Нұрханұлын ешбір ескертусіз жұмыстан шығарып жіберген.
Дәрігер жұмыстан шығып қалғанын өзгелерден естіп білген.

– Бұл айдың графигінде неге жоқпын ?

– Сені графикке қоймаймыз, енді бізде жұмыс жасамайсың.

– Неге?

– Әкімшілік солай шешті.

– Себеп бар ма ? Жұмыстан ескертпе не басқа қателіктер болды ма ?

– Себеп жоқ, біз солай шештік. Ротация жасаймыз.

– Бұрын осылай ротация жасап қайтып келген адам бар ма ?

– Жоқ.

– Қандай принципмен ротация жасалды? Стажға қарап, категорияға қарап? Неге мен? Еңбек туралы заңда ротация түсінік бар ма? Қандай нұсқаулықпен ротация жасалады? Жалпы ротация дегеніміз – орын ауыстыру, маған тура осындай жұмыс тауып бересіз бе?

– Сенің жұмыс істегеніне біраз болды.

– Менің жұмыс істегеніме 5 ай болды, мұнда 7-8 апта істеп жүргендер, жұмыс өтілі менен де төмендер бар.

– ???

– Неге ең болмаса бір апта бұрын айтпайсыздар, мен басқа жұмыс іздейтін, кәзір ай бітіп жаңа ай басталды. Көбісі график қойып қойды, жұмысқа ешкім алмайды.

– Кәзір дәрігерлер жетіспейді, жұмыс тауып аларсың.

Осылай бір мезетте жұмыссыз қалдым. Әкімшілік деп отырғаны Цечоева Т.А мен орынбасары Калина В.О. Олармен алдында теміржол ауруханасында бірге жұмыс істегенмін. Цечоева Т.А бұрыннан ұлтшылдығымен белгілі. Оларға ұнамау себебім мен теміржол ауруханасына келгенде ол бас дәрігер болған, дәрігерлік есеп тек орыс тілінде берілген, 70-80% қазақтар, бәрі орысша есеп береді. Сосын мен алдымен қазақша, артынан орысша есеп беріп жүрдім, менен кейін тағы бір екі дәрігер қазақша есеп бере бастады. Цечоева Т.А бір күні маған қазақша есеп беруді тыйым салып тастады. Содан оған жау бола бастадым. Мен қыркүйекте келсем, ол қазан айында бізге басшы болып келді. Ол келісімен өзінің командасымен келіп барлық жерге өз адамдарын қойып, бәрімізді қысқартып, қыса бастады. Калина В.О институты кеше бітірген жігіт, Чечоеваға туысқан болып келеді, өкпе жүрек қан тамыр ауруларын емдеуде, басшылық қызметте ешқандай тәжірибесі жоқ, жүрген жерінде соны көтеріп жүреді. Соны бас дәрігердің орынбасары қылып тағайындады, Калина В.О 2018 жылы Қазақстаннан Ресейге көшіп кетпек болып құжат тапсырып дипломы жарамаған соң амал жоқ қалған. Екеуі жабылып мені қыса бастады.

Қабылдау бөлімінде көп жылдар пульмонолог инфекционист болып жұмыс істеген қазақ қыздарды жылатып жүріп жұмыстан шығартып, орнына Калинанын әйеліне инфекционист деген құжат жасатып отырғызып қойды. Реанимацияның аға медбикесімен бірігіп медбикелерді ауыстыра бастады. Кезектен тыс аттестация дегенді ойлап тауып, өтпегендерді жұмыстан босатып отырды. Заң бойынша емдеу мекемесінің аттестация өткізуге құқығы жоқ, ол үшін арнайы мекеме аттестациядан өткен мамандар ғана яғни медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау орталығының ғана құзыры бар. Олар Астананың ортасында отырып кадрлық коррупцияның схемасын ойлап тауып ойларын жүзеге асырып отыр. Бұлар жұмысқа қабылданғанда «уақытша» деп жаздырып алып барлығына біз сендерді жұмысқа уақытша алғанбыз, енді керек емессің деп аурухананы әкелері салып бергендей, ұнамаған адамдарын себепсіз жұмыстан шығарып басқарып отыр.

Иә ол жерде «уақытша» термин бар. Бірақ ол «уақытша» тек аурухана қызметіне байланысты екенін яғни коронавирус бітіп аурухана жұмыс тоқтағанға дейін, ал басқа уақытта аурухана ҚР барлық заңына бағынатынында жұмысы жоқ. «Жау жағадан алғанда бөрі етектен тартады» демекші коронавируске қарсы күресте медиктерге бөлінген қаржыны барынша өз таныстарына таратумен айналысып жатыр.Жалпы әділдік жоқ екен. Менің орныма орыс жігітін алыпты. Енді жұмыс табылса басқа қалада болармын, табылмаса шетелге кетермін», – деп жазған ол өзінің facebook парақшасында.

qazaquni.kz

«АҚ ЖОЛ»:

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІН ЖЕКЕ ДАРА АНЫҚТАЙТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ

Халық қалаулыларынан халық зор үміт күтетіні бесенеден белгілі. Әсіресе, қазақ тілінің шын мәніндегі азат тілге айналуын қазақ халқы зарыға күтіп жүргені рас. Ел аманатын Мәжіліс мінберінде ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, ҚР Ұлттық сенім кеңесінің мүшесі, белгілі қоғам қайраткері Қазыбек Иса «Ақ жол» фракциясының депутаттары атынан ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминге жолдаған депутаттық сауалында жариялады.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ А.Ұ. МАМИНГЕ

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Қазақстан Президенті болып сайланғанда «Ең бастысы – Қазақ тілі» деп мәлімдеген Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Халқына жасаған алғашқы жолдауында: «Қазақ тілі – ұлтаралық қатынас тіліне айналуы керек» деп атап көрсеткені еліміздің үмітін оятты. Ал 2018 жылы Елбасы мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында: «Парламент пен Үкіметтің жұмысы тек мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс» деп нақты тапсырма берді. Ал жаңа ғана біз үкімет мүшесі, Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиевтың депутаттар сұрағына мемлекеттік тілді аттап өтіп, қай тілде жауап бергеніне куә болдық...

2012 жылы «Ақ жол» партиясы парламенттік фракциясы құрылғаннан кейін, ең алғашқы дайындағаны да дәл осы «Мемлекеттік тілді қолдану саласын кеңейту туралы» заң жобасы еді. Бірақ Үкіметтің ведомствоаралық комиссиясы бұл заң жобасын қолдамай, өткізбеді. Ал бүгінде Елбасы да, Мемлекет басшысы да тапсырған мемлекеттік тілдің өз атына сай болу талабын кейінге қалдыруға болмайды. Өйткені қазіргі кезде 1989 жылғы қазақтың саны 39 % кезінде қабылданған алғашқы Тілдер туралы заңнан бері демографиялық өсіміміз екі есеге өсті, қоғам да мемлекеттік тілдің барлық салада қолданылуын талап етуде, уақыты да келді. Баршаңызға белгілі, бүгінде мектеп қабырғасындағы оқушылардың 80 пайыздан астамы қазақ тілінде білім алуда, яғни біздің болашағымыз 21 ғасырдағы өміріміз де осы қазақ тілімен, Мемлекеттік тілмен тығыз байланысты.

Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау мәселесін «Ақ жол» партиясы ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңестің 2019 жылғы 6 қыркүйекте өткен бірінші отырысында да көтерді. 2020 жылы 28 желтоқсанда Ұлттық Кеңес мүшелерімен кездескенде ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова бұл ұсынысымыздың өндіріске алынып, бүгінгі заман мен қоғам талабына сай толыққанды Мемлекеттік тіл туралы заң жобасы тұжырымдамасы жасалып, 2020 жылы тамыз айында Үкіметке жіберілгенін мәлімдеді. Яғни, ол заң тұжырымдамасы Үкіметте жатыр қозғаусыз.

Қазір халқымыз 19 миллионға, оның ішінде қазақ ұлты 78%-ға жетіп қалды. Ресми мәліметтер бойынша қазақ халқы мен қазақша түсінетіндерді қосқанда. жалпы саны – 88,7 пайыз болып тұр. Ал сол халыққа қызмет көрсететін мамандардың мемлекеттік тілді білмеуі тұрғындардың сапалы қызмет алу құқығын аяқ асты етіп отыр. Тәуелсіз Қазақ Елін аңсап келген миллионнан астам қандастарымыз және ауылдық миллиондаған қаракөздеріміз қанша жылдан бері жапа шегумен келеді. Халықпен етене араласып жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлердің, әсіресе жоғары шенділердің мемлекеттік тілге немқұрайлы қарауы халық пен билік арасындағы алшақтықты көрсетуде. Мысалы, тек қазақша сөйлейтін қандастарымыз мемлекеттік органдар мен қызмет көрсету мекемелеріне барғанда, мемлекеттік тілде қызмет ала алмағаны баспасөзде талай жазылды.

Отыз жылдан бері әлі күнге мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік тілді білуі туралы талап жоқ. Мемлекеттік тілді білу талабы қазір жаңсақ айтылып жүргендей, азаматтың жеке басын тіліне қарай кемсіту емес, мемлекеттік қызметшілерге, бар болғаны 100 мыңға жуық адамға қойылатын кәсіби біліктілік талабы болуы тиіс. Сыртқы істер саласының мамандарынан шет тілін білуді қалай талап етсе, немесе көлік жүргізушіден жүргізуші куәлігін қалай талап етсе, сонымен бірдей міндет бұл. Қазір мемлекеттік тілді еркін меңгеру туралы талап тек Президентке үміткерлерге ғана қойылған. Сонда 14 миллиондай (78%) мемлекет негізін құраушы қазақ ұлты 100 мыңдай ғана (0,5%) мемлекеттік қызметшіден (оның 90% астамы қазақ ұлтының өкілі!) қызметті не ақпаратты мемлекеттік тілде ала алмауы нағыз парадокс! Сонда жарты пайыз мемекеттік қызметшілер 78 пайыз халыққа заңсыз үстемдік жасап келеді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін жеке дара анықтайтын уақыт жетті! Себебі, Тілдер туралы алғашқы заң қабылдаған 1989 жылы Қазақстан Кеңес Одағы құрамынан әлі шықпаған кезі еді. Бұл кезде қазақтар елімізде ең көп ұлт болғанның өзінде 39 пайыз болатын. Сондықтан ол кезде бұл заңдылық болып қабылданды. Кейін де 1997 жылғы «ҚР Тіл туралы заңымыз» да осы ескі сүрлеумен Кеңес империясы кезіндегі талаппен кетті. Ал қазір Тәуелсіздігімізге отыз жыл толған кезде мемлекеттік тіл туралы өз статусын толыққанды атқара алмаған заңымыз демографиялық және демократиялық заңдылықтармен өз күшін жойып отыр...

Суға түспей жүзуді үйрену қандай мүмкін болмаса, мемлекеттік тілді міндеттемей, оны үйрену де сондай мүмкін емес! Ал ешбір заңда не бағдарламаларда, мемлекеттік органдарда міндетті түрде мемлекеттік тілді білу туралы норма (!) жоқ. Сондықтан да, биыл 5 қаңтарда ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының міндеті» деп нақты атап көрсетіп берді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, мемлекет басшысы атап өткендей, қазақ тілі шынайы ұлтаралық қатынас тіліне айналып, елдің әр азаматы білуі міндетті мемлекеттік тіл болуы үшін келесі нақты шараларды қабылдауды

ҰСЫНАМЫЗ:

1) Мемлекеттік қызметшілердің, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен соттардың және көпшілікке қызмет ету мекемелері қызметкерлерінің міндетті түрде мемлекеттік тілді білуі туралы стандарт енгізу;

2) Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтаудың жүйесі мен тәртібін белгілеу, оның қажетті механизмдерін жасау;

3) Заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік органдардың құжаттары мен хаттарын, ақпараттары мен есептерін, іс қағаздарын және т.б. ресімдеудің негізгі нұсқасы – тек мемлекеттік тілде жүзеге асуы тиіс.

4) Кез келген тілдің дамуының кепілдігі – оның экономикалық және қаржылық салада қажеттілігі. Сол себептен мемлекеттік тілді ең алдымен экономикада да қолдануды күшейтуіміз қажет. Мысалы, Норвегияда «Мұнай туралы» Заңның 6 және 37-баптарында: «Мұнайға қатысты қызметте мүмкіндігінше норвег тілі басым болуға тиіс. Басқа тілдер қажетті немесе ақылға қонымды болған жағдайда ғана пайдаланылуы мүмкін» деп жазылған.

Бізге де мемлекеттік тілді қолданудың саласын кеңейту, сондай-ақ кадрларда қазақстандық қамтуды ұлғайту мақсатында әлеуетті инвесторларға, шетелдік компанияларды қоса алғанда, инвестициялық преференцияларды бергенде, жер қойнауын пайдалануға құқық алуға келісімшарттарда конституциялық нормаларға сәйкес мемлекеттік тілді міндетті түрде пайдалану талабын белгілеу керек.

ЦИФРЛЫҚ ТАҢБАЛАУ МӘСЕЛЕСІ ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРІ Е.Қ. ЖАМАУБАЕВҚА

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, ақжолдық Мақсат Раманқұлов акцизделетін тауарларға ілеспе жүкқұжаттар және шағын бизнеске арналған цифрлық таңбалау бойынша мәселе көтерді.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы!

«Ақ жол» фракциясына сауда саласындағы шағын бизнестен акцизделетін тауарларға ілеспе жүкқұжаттар (бұдан әрі – ТІЖ) және оларды цифрлық таңбалау бойынша проблемалар туралы өтініштер келіп түсуде.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті оператор болып табылады.

Пилоттық жобаның мерзімі ұзартылды. Әрине, ниет түзу екені түсінікті, тауарларды қадағалау, цифрландыру, есепке алу, бюджетті толықтыру тетігі қажет. Бірақ бүгінде бізде көптеген проблемалар бар, оған көптеген өтініштер дәлел бола алады. Жеке кәсіпкерлер, «үйдің жанында» деп аталатын шағын дүкендердің өкілдері ерекше қиындықтарға тап болуда.

Мәселен, акциздік тауарларды цифрлық таңбалау кассалық аппараттарды қайта бағдарламалауға, есептеуіш құрылғыларды сатып алуға, компьютерлерді, модемдерді сатып алуға немесе жаңартуға, интернетті орнатуға әкеп соғады. Осының барлығы бір кәсіпкерге орта есеппен 400 000 теңге көлемінде шығын алып келеді. Сонымен қатар, жеке кәсіпкерлердің көпшілігі мұндай соманы төлей алмайды.

Ақпараттық технология сауаттылығының төмен деңгейіне және шағын бизнес өкілдерінің негізгі бөлігінің материалдық жағдайының нашарлауына байланысты Алматы сияқты мегаполисте де бұл жаңалықты толыққанды енгізу мүмкін емес, олай болса ауылдық жерлер туралы не айтуға болады.

Қазіргі уақытта елімізде 50 мыңнан астам шағын дүкен бар, олар 200 мыңға жуық жұмыс орнын ашты. Олар бюджетке түсетін кірістің едәуір бөлігін қамтамасыз етеді, халық үшін өнімдер мен тауарларға қадамдық қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Тауарларды сату процесінде кідіріс пайда болуда, бұл клиенттердің наразылығын тудыруда, әсіресе дүкендерге сұраныс жақсы кезде. Мысалы, егер сканер оқымаса немесе қатып қалса, онда өнімнің бір бөлігін өткізуге шамамен 4-5 минут уақыт кетеді, өйткені барлық штрих-кодтар бірден оқылмайды, сонымен қатар тауарларды виртуалды қоймадан алып тастау керек және сатып алушылар күтуге мәжбүр.

Есеп беру әдісінің өзі бухгалтерлік білім мен тәжірибенің өте қиын деңгейін болжайды. Жүйенің үздіксіз жұмыс істеуі үшін белгілі бір уақытқа IT мамандары қажет, бұл қосымша шығындарға әкеледі.

Ағымдағы жылдың 26 қаңтарында мемлекет басшысы «биылғы жылы шағын және орта бизнесті қолдау ерекше маңызды» деп, Салық кодексін оңтайландыру керектігін атап өтті, алайда іс жүзінде бизнес біртіндеп барлық жаңа енгізілімдер мен есептерге толып жатыр.

Мемлекеттік кірістер департаменті бизнестің мүдделері мен ұмтылыстарын ескеруі керек. Егер сіз бірдеңе қоссаңыз, онда бір нәрсені алып тастау керек. Егер осы пилоттық жобаны енгізсеңіз, онда реттеуді оңайлату қажет. Мысалы, бизнесті жүргізу шарттарының теңгерімін қамтамасыз ететін тауарлардың белгілі бір түрлерін өткізуге арналған лицензияларды алып тастау қажет.

ТІЖ-мен байланысты жеке мәселе – акцизделетін тауарларды тасымалдау кезінде мемлекеттік шекараны кесіп өту. Онда ақпараттық бағдарламалардың іркілуіне және жете жұмыс істемеуіне байланысты автокөліктер тауарды қабылдауды растауды күтіп, шекараларда тұрып қалуға мәжбүр болады.

Осыған байланысты біз келесілерді қажет деп санаймыз:

- Барлық ескертулерді ескере отырып, осы бағдарламаны пысықтау.

- «Үй жанындағы» дүкен иелерін салық төлеушілердің жеке санатына бөліп, оларға «ТІЖ растау» деген бір ғана опцияны қалдыру керек, бұл тауарды қабылдауды білдіреді, ал салық қызметтері одан әрі қозғалысты және өткізуді онлайн кассалар арқылы қадағалай алады.

Жоғарыда көрсетілген міндеттер мен осы саладағы әлеуметтік шиеленісті шешу бойынша шұғыл шаралар қабылдауды сұраймыз.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫС ҮШІН ЖАЗАНЫҢ БАЛАМАЛЫ ШАРАЛАРЫН ҚАРАСТЫРҒАН ЖӨН

«Ақ жол» партиясы экономикалық қылмыстар үшін жаза түрлерін қисынды шаралармен өзгертуді, атап айтқанда, адамды бас бостандығынан айыруды кәсіпкерлікпен айналысу құқығын сақтай отырып, оны шет аудандарға көшірумен алмастыруды ұсынды. Бұл депутаттық сауалды фракция атынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Андрей Линник жолдады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРОРЫ Ғ.Д. НҰРДӘУЛЕТОВКЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МОНИТОРИНГІ АГЕНТТІГІНІҢ ТӨРАҒАСЫ Ж.Қ. ЭЛИМАНОВҚА

Құрметті Ғизат Дәуренбекұлы!
Құрметті Жанат Қалдыбекұлы!

Қазақстан «Ақ жол» демократиялық партиясы мен кәсіпкерлік қоғамдастық Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қаржы мониторингі агенттігінің құрылуын оңды деп есептейді.

Жаңа күш құрылымы емес, азаматтық бөлімнің құрылуы оның кәсіпкерлік қызметті қылмыссыздандыруға бағытталғандығын көрсетеді.

Бұл Президент Қ.К. Тоқаев елдегі деофшоризация мен бизнестің қолайлы климатына көңіл бөліп отырған мемлекеттік маңыздылықтың көрсеткіші екені сөзсіз.

Кәсіпкерлерге қатысты соңғы жылдардағы талабы жоғарылаған үрдістерді ескеретін болсақ, бұл қадам дер кезінде жасалғанын атап өту ләзім.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми деректеріне сәйкес, 2020 жылдың өзінде экономикалық қылмыстар, яғни олар бойынша қылмыстық істер саны 23%-ға өсті. Олардың басым көпшілігі – шот-фактураларды заңсыз шығару, бухгалтерлік есепті бұзу, несиені заңсыз алу және басқалар.

Аталған баптардың әрқайсысы бас бостандығынан айыруға дейінгі жазаны көздейді.

Сонымен бірге, қылмыстық жауапкершіліктің болуы кәсіпкерді бірнеше ай бойы қамауда ұстауға, бопсалауға және бизнесті басып алуға мүмкіндік береді. Мұндай істердің едәуір бөлігі сотқа дейін тоқтатылатыны кездейсоқ емес.

Ең өрескелі, кәсіпкер түрмеге жабылған кезде кәсіпорын жойылады, жабдықтар ескіреді, жүздеген адам – жұмысынан, ал мемлекет салықтан айырылады. Түрме ешкімді жақсы жаққа өзгерткен емес. Ал қоғам оны қамтамасыз етіп отыр. Іс жүзінде бәрі жеңіліс табуда.

«Ақ жол» демократиялық партиясы кінәлі кәсіпкерлерді түрмемен емес, қайта ақша өндірумен жазалау керек деп санайды. Ол ұрлады, салық төлемеді, олай болса оны екі-үш еселеп қайтарсын. Осылайша ол экономика субъектісі ретінде сақталады, мемлекетке пайда табуды жалғастырады, жұмыс орындарын сақтайды.

Сондықтан Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қаржы мониторингі агенттігінің құрылуымен экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар түпкілікті бөлінеді деп үміттенеміз.

Экономикалық бұзушылықтарды кәсіпкерлер, ал сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік қызметкерлер немесе мемлекеттік кәсіпорындардың қатысуымен жасайды.

Олар бойынша жауапкершілік деңгейі ерекшеленуі тиіс деп есептейміз және кәсіпкерлерге түрме мерзімдері қолданылмауы тиіс экономикалық бұзушылықтарды толық қылмыс деп танымауды қолдаймыз.

Сондықтан жазаның балама шараларын қарастыру қажеттілігі туындайды.

Атап айтқанда, заманауи технологиялардың дамуымен жер аудару сияқты әдістерге оралуға болады. Бұл шаралар талап етілмегендіктен, 1998 жылы Қылмыстық кодекстен алынып тасталған еді.

Алайда, бүгінде сол қағидалар қарапайым кәсіпкерлерден қылмыскер жасамауға мүмкіндік берер еді. Мұндай құқық бұзушылар, әдетте, іскерлік қабілетке ие, көбінесе қаражаты және кәсіпорындары бар. Олардың түрменің орнына шағын қалалар мен аудан орталықтарына қоныс аударуы жергілікті экономиканы дамыта алады. Өйткені, мұндай сотталғандар бос отырғысы келмейді, отбасылар мен бизнесті көшіріп, өздері мен өз мамандары үшін үйлер салып, балалары оқитын мектептерді жөндеп, демалыс орындарын аша алады. Осылайша, мемлекет қылмыскерлердің орнына жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерді сақтап, дағдарысқа ұшыраған аудан орталықтары мен шағын қалаларды, мысалы, Солтүстік Қазақстан немесе Қызылорда облыстарын, Арқалық немесе республиканың сыртқы шекараларын мақсатты түрде жандандыра алады.

Сайып келгенде, Қазақстан «Ақ жол» демократиялық партиясының депутаттық фракциясы экономикалық қылмыстар үшін жазаларды ізгілендірудің мынадай шараларын қарауды ұсынады:

1) экономикалық қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру сияқты шараны толығымен қаржылық санкциялармен алмастыру;

2) толық күшін жою мүмкін болмаған жағдайда, бизнеспен айналысу құқығын сақтай отырып, республиканың шалғай аудандарына көшіру және ірі қалалар мен облыс орталықтарында тұруға тыйым салу ретінде кәсіпкерлер үшін жазаның балама түрлерін енгізу;

3) аудан орталықтары мен шағын қалалар арасынан экономикалық бұзушы болып есептелетін кәсіпкерлер мен олардың инвестицияларының ағынын қажет ететін ықтимал орындарды анықтау.

АҚЖОЛДЫҚТАР АСТЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ӨҢДЕУ САЛАСЫН ҚОЛДАУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

«Ақ жол» фракциясының атынан ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Берік Дүйсембинов өзінің депутаттық сауалында Қазақстанның басты байлығы — астық және оны өңдеу саласын қолдауды талап етті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРІ Б. Т. СҰЛТАНОВҚА

Құрметті Бақыт Тұрлыханұлы!

«Ақ жол» партиясына Қазақстан астықты қайта өңдеушілер одағы бастаған ұн өндіру саласының көптеген кәсіпкерлері қол қойған Сауда және интеграция министрлігінің ұн өнімін биржалық тауарлардың қатарына қосқан шешіміне байланысты үндеу хаты келіп түсті.

Хатта Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы бұйрығына сәйкес бірінші сортты бидай ұнын биржалық тауарлар тізіміне енгізілгені баяндалған.

Еліміздің басты байлықтарының бірі Ұн өндіру саласы кәсіпкерлерінің шағымына жүгінсек, ұн экспортының мәселелері сонау 2000 жылдан бастау алады екен. Ең алғашқы болып Қазақстаннан еліне кіретін ұнға 18 пайыз қосымша құн салығын енгізіп, яғни, біздің ұнның сатылуына тосқауыл қойып, оның орнына біздің жоғарғы сапалы бидайды сатып алып, қайта өңдеуді қолға алған Тәжікстан еді.

Егер статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2008 жылы біз Тәжікстанға 450 000-500 000 т. дейін ұн және 200 000 т. бидай жөнелтсек, 2012 жылы 50 000 т. ғана ұн мен, керісінше, млн. тонна бидай жөнелтіппіз.

Біздің ұнды үлкен көлемде сатып алушы екінші көршіміз Өзбекстан да осы жолға түсіп, өз кәсіпкерлерін және қайта өңдеушілерін қолдау мақсатында акциз, баж, кіріске құн салығын көтеріп, ақыр аяғында өз бидайымыздан өндірілген ұнды бізге арзан бағамен сатып отыр.

Бүгінде отандық ұн өндірушілерінің қолында қалған ірі сауда нарығы – ол Ауғанстан мемлекеті. Бұл нарық үшін бәсекелестік талас жүруде. Сол себепті Өзбекстан арқылы біздің ұнды тасымалдау қиыншылықтарға ұшырауда.

Егер бірінші сортты ұн биржалық тауарлардың қатарына енетін болса, оның үстіне бұл салаға қолдау мен преференцияның жоқ екенін және осы жылдың қаңтарынан бастап бір сәтте елдің ішінде бидайды тасу тарифінің көтерілуі мен өзбек елі арқылы өнім тасудың шектелуін ескерсек, онда Қазақстан үшін соңғы ірі ұн нарығы болып отырған Ауған экспорты да жабылатынына күмән жоқ.

Орташа есеп бойынша, біздің ұнды биржа арқылы саудалау оның өзіндік құнының 500 тоннаға шаққанда 1000 АҚШ долларына қымбаттауына әкеп соғады. Бұл фактор ауған нарығында біздің ұн өндірушілерге кері әсер етіп, өзбек және тәжік бәсекелестерінің пайдасына шешілуі мүмкін. Бұл туралы біздің Сауда және интеграция министрлігі не ойлап отыр?

Елімізде ұн тартатын 1 300 диірменнің бүгінде 270-і ғана жұмыс істеп жатыр, ал қалғандары Өзбекстан мен Тәжікстанға барып орнығуда. Бүгінде Қазақстан ірі ұн экспортеры дәрежесінен шикізат көзіне айналу қаупінің алдында тұр.

Отандық ұн өндірушілер және осы саланың сарапшылары бірінші сортты ұнды биржалық тауар тізімінен алып тастауды талап етуде. Өйткені:

1) бірінші сортты ұн – әр компанияның бренді болып табылады, яғни, сатып алушы өзінің сенімді тауар берушіден жай ғана ұнды емес, тексерілген өнімді сатып алады;

2) ұнның сақталу мерзімі 3-5 ай ғана, яғни, биржалық саудаға сәйкес келмейді;

3) Ауған сатып алушыларының биржалық саудаларға қатысатын техникалық мүмкіндіктері болмағандықтан, биржалық сауданың шым-шытырығына бас қатырмай, өзбек ұнын сатып алуға жол ашып беруіміз болып табылады.

4) Қазақстанның бірқатар ұн өндіретін кәсіпорындарының бірінші сортты ұны басқа елдерде өндірушілердің ұнынан сапасы жағынан әлдеқайда жоғары және қымбат тұрады. Сондықтан сауда объектісі ретінде ұн сортына қарай стандартты және біржақты белгілер бойынша биржалық тауарларға жатпайды.

5) әлемдік тәжірибеде ұн биржада сатылмайды және биржалық тауар болып есептелмейді.

2017 жылы Қазақстанның Ұн өндірушілер саласын қолдау мақсатында «Ақ жол» партиясы жолдаған депутаттық сауалында бүгін туындап отырған мәселелер көтеріліп, өкінішке орай, қолдау таппаған болатын.

Құрметті Бақыт Тұрлыханұлы! Жоғарыда айтылғандарды және ұлттық мүддені ескере отырып:

1) бірінші сортты бидай ұнын биржалық тауарлар тізімінен алып тастауды;

2) ұн өндіру саласын қолдаудың стратегиялық бағдарламасын әзірлеуді және өндірушілерді қорғаудың жүйелі шараларын қабылдауды сұраймыз.

Құрметпен,
«Ақ жол» Демократиялық партиясының фракциясының депутаттары:
Б.Дүйсембинов, А.Линник, А.Перуашев, А.Әбілдаев, Е.Барлыбаев, С.Ерубаев, Д.Еспаева, А.Жұмабаева, Қ.Иса, Е.Өмірғали, М.Раманқұлов, А.Сембинов

СЕҢ ҚОЗҒАЛДЫ, ЕЛ ДЕ ҚОЗҒАЛУЫ КЕРЕК!

Күні кеше Қазақ елі Парламентінде тарихи оқиға болды. Ахаң айтқандай: «Жұрт бүгіншіл, менікі ертең үшін!» дегендей қоғам қайраткері, ақын, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса ағамыз Үкімет басшысы, Премьер-министр Асқар Мамин Ұзақбайұлына мемлекеттік тіл – қазақ тіліміздің мәртебесін көтеріп, статусын жеке дара анықтау жөнінде депутаттық сауал жолдады. Мұны «Ақ жол» партиясының 12 депутаты қолдап қол қойды.

Қазақстан халқының 78 пайызы қазақ ұлтынан болса, ел мен жердің ақы иесі қазақ халқы болса, ата-заңда жазылған мемлекеттік тіл қазақ тілі екені рас болса, 30 жылдан бері заңсыз үстемдік жасап келе жатқан орыс тілінен арылатын уақыт жетті. Қашанға дейін шовинистердің тілінде елімізді басқарып, жұртқа мазақ боламыз?! Кеңес одағы шекпенінен шыққан 15 республикадан ешбір ел орыстың тілінде ел басқарған жоқ, тілін теңестірген жоқ. 1990 жылдың басында қолданыстан шығарып, ұлттық тілін тұғырына қондырды! Келімсектерді кетіріп, өз ұлтын оздырды. Ұлттық саясатын батыл жалтақтамай жүргізді. Өз ағаң өзбектер айтады екен: «Орыс болғың келсе, алдымен қазақ бол!» деп. Өлім ғой. Қазақ еліне қаңғып келген шүрегей Кольбин айтты деген сөз бар: «Қазақстаннан орыстар кетсе де, орыстанған қазақтарың ұлттық мемлекет құруға жол бермейді» деп. Шынымен іштен шыққан жау жаман. Қазақ тілінің тиісті тұғырына қонуға кедергі болатын нигилист мәңгүрт қазақтар. Өз ұлтынан жерінген сатқын қазақтар. Ұлт ақыны Мұхтар Шаханов ағамыз айтып еді: «Билікте жүрген мәңгүрттердің 90 пайызы өз ұлтынан жерінген нигилист, космополиттер. Бұлар қазақтың тіліне жыл сайын миллиондаған ақша бөліп жаны ашыған сыңай танытқанымен, бала-шаға, немере-шөбересін түгел ресей тілінде оқытады. Шынтуайтында мемлекеттік тілге қарсы жұмыс жасайтын ұлттың жаулары!» деп жанайқайын айтқан. Ұлы жазушы Шерхан Мұртаза ағамыз да Парламент мінберінен жанын шығарып айтуын айтты. Бірақ нәтиже болмады. Билік те, ақша да мәңгүрттер қолында. Тәуелсіз Қазақстанда әлі тек қазақша сөйлейтін, білімді, ұлтшыл азамат болса жұмысқа алынбайды, алса да жұмыстан шығарып тынады. Себебі, бізде орыстың тілінің салмағы басым. Бастықтар түгелге жуық ресейдің тілінде сөйлеп, Қазақстанда бастық болады! Бір қарасаң сұмдық! Ал, бізде қалыпты жағдай. Кешегі Алаш қайраткері Сәкен Сейфуллин: «Кеңсе тілі қазақша болмай, мемлекет қазақша болмайды!» дегенді кесіп айтып еді. Ұлт ұстазы алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған жұрттың, өзі де жоғалады!» деген өсиетін барлық мемлекеттік мекеме мандайшасына жазып қою керек! Елбасы Тәуелсіздіктің 15 жылдығында айтып еді: «15 жылда аюға да қазақша үйретуге болушы еді!» деп. Енді ұят ғой. Басқа өркениетті елдер ғылым-техника, квантты физика, теңіздің ішінен жол салып, жүздеген шақырымға көпір салып, небір жаңа технологиялар ойлап тауып, қарыштап дамып жатса, біз әлі 30 жылдан бері сол заңға шегелеп жазылған мемлекеттік тілімізді тұғырына қондыра алмай, өз елімізде өгейдің күйін кешіп жүрміз?! Масқара ғой! Өзінің ұлттық қасиетін бағаламаған, өз ұлтының қадірін білмеген ел ешқашан озық ойлы дамыған ел бола алмайды! Біз жапондардан, көрші бауырлас халық өзбектерден үлгі алуымыз керек!

Не болса да, қазақ тілінің шынайы жанашыры Қазыбек Иса ағамыздың арқасында сең қозғалды. Қолданыстағы екі тілді қабаттастырған Тіл туралы заңның қазақтың саны 78 пайызға жетуімен күші жойылғаны, енді мемлекеттік тіл де, ұлтаралық қатынас тілі де тек Қазақ тілі болуы керектігі туралы Парламент мінберінен айтылып, ең басты ұлттық мүддеміз қорғалды.

Ел болып қолдау көрсетіп, қозғалайық халқым! Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді! Тілі бар ел – халық, тілі жоқ ел – балық!

Бақытбол БЕРІМБАЙҰЛЫ,
ұлт жанашыры

Астана қаласы
05 ақпан, 2021 жыл

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Иса Мәжілістің жалпы отырысында Үкімет басшысы Асқар Маминге депутаттық сауал жолдап, мемлекеттік тіл мәртебесін жеке дара анықтауды талап еткен болатын. Осыған байланысты ұлт зиялылары өз пікірін білдірген еді.

Дулат ИСАБЕКОВ:

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ – ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МІНДЕТТЕЙТІН ЗАҢ ҚАБЫЛДАУ КЕРЕК!

– Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілінің мәселесі көптен бері халық қалаулыларының назарынан тыс қалып келе жатқаны көңілімізге кірбің ұялатқанын жасыра алмаймын. Біздің азаматтар өз елінің тілін қолдамаса, талап етпесе, онда қазақтың тілі кімге керек деген ойлар да қылаң берген-ді.

Ел Егемендігінің отызыншы жылында атқа қонған жаңа құрамнан жұрт ауқымды істер күтуде.Әсіресе, ұлттық мүддемізді қорғау жолында үнемі алдыңғы шептен көрініп жүрген Қазыбек Исаның Мәжіліс депутаты атануы халықтың жүрегінде үміт отын жаққандай болды.

Елдің өзіне артқан зор сеніміне қашан да асқан жауапкершілікпен қарайтын Қазыбек Иса ә деген беттеақ елдің көкейіндегі ойды Мәжіліс мінберінде көтеріп, мемлекеттік тілдің мәртебесін жеке дара анықтау қажет деп талап қойды. «Ақ жол» фракциясы депутаттарының осынау өзекті мәселені билік басында дер кезінде қозғағаны өте орынды деп білемін. Тындырымды тірліктер жолындағы табанды еңбектеріне толағай табыстар тілеймін. Ары қарай осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра отырып, көздеген мақсатымызға қол жеткіземіз деген сенімдемін.

Қазақ тілі тек ғана зиялы қауым үшін емес, барша халыққа ортақ нәрсе. Сондықтан бәріміз, осынау игі бастаманы қолдауымыз керек. Елім дейтін Ерлеріміз Елі үшін атқа қонды. Ендігі жерде қаншама жылдан бері бір орында таңжылмай тұрған мемлекеттік тіліміз орнынан қозғалып, алға қарай адымдайды деп білемін. Алдағы уақытта Қазыбек Иса Парламентте көтергендей, мемлекеттік тілдің мәртебесін жеке дара анықтайтын Мемлекеттік тілді міндеттейтін Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек! Сонда ғана Қазақ тілі барлық салада қолданысқа ие болып, еліміздің әрбір азаматының күнделікті тірлігінде біте қайнасып кететін күн туады деген ойдамын.

Смағұл ЕЛУБАЙ:



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУГЕ МІНДЕТТІ БОЛУЫ КЕРЕК!

– Ұлт жанашыры, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Исаның «Ақ жол» партиясы фракциясы депутаттарының атынан мемлекеттік тілдің мәртебесін жеке дара анықтауды талап еткен депутаттық сауалын үлкен ризашылықпен қабыл алдық. Қазақ тілінің мәселесін қаншама уақыттан бері көтеріп келе жатқан қоғам қайраткері ретінде Қазыбек Исаның Парламент қабырғасындағы алғашқы депутаттық сауалының мемлекеттік тілге арналуы заңдылық деп білемін. Осы сауалы арқылы ол бір партияның ғана емес, тілім деп жүрегі тілімделген барша халықтың үнін жеткізді деп есептеймін. Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілінің мемлекеттік мекемелердің төріне шыға алмай есігінен сығалап жүрген бүгінгідей өліара шақта Қазыбек Исаның үнін бар қазақтың баласы қолдайтынына нық сенімдімін.

Шынтуайтына келгенде, Мемлекеттік тіл туралы заңымыз бар ма жоқ па, жұмыс істей ме, істемей ме оны ешкім білмейді. Ал енді Алматы, Нұр-Сұлтан секілді ірі қалалардың көшелеріне шықсаңыз, көптеген мекемелердің атауы ағылшынша жазылып кетті. Бұл тіл туралы заңды ешкім елемейтіндігінің көрінісі. Одан қала берді мемлекеттік мекемелердің қайсыбірінің есігін қақсаңыз да, орысша сайрап шыға келеді. Мұның барлығы өз кезегінде қарапайым халықтың наразылығын тудырып отырғаны жасырын емес. Міне, осындай жағдайда Қазыбек Исаның «мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік тілді білуге міндетті болуы керек» деген талабы өте орынды. Тіпті бұл – кезек күттірмейтін мәселе. Қажеттілік тудырмасақ, мемлекеттік қызметте жүрген шен-шекпенділерді міндеттейтін заң болмаса, біз бұл мәселені шеше алмаймыз. Сондықтан да, Қазыбек Исаның заң жүзінде мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметкерлерден талап етуі – уақыт талабы.

Жерге түскен жалғыз дән

АҚЫН ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВТІҢ ЖАРЫ ҮРНИСАНЫҢ ЖАН СЫРЫ



(Соңы. Басы өткен санда)

***

– 1967 жылдың шілде айында Төлеген Жазушылар одағына жұмысқа алынатын болды. Бұл ұйғарым оны қатты қанаттандырды. Ол өмірге ғашық көзбен қарайтын болды. Әр күнді үмітпен, арманмен қарсы алатын. Енді өзі туған Қарақалпақ жеріне барып, ата-анасының қабіріне тәу етіп қайтуға жолға шықты. Бірақ жұмыс әбден сарғайтып келді, жүйкені мықтап тоздырды, – дейді анам.

Осы кезең туралы Әбіш Кекілбаев: «Мен онда бұлай боларын білген жоқпын. Көктемнің жазға ұласар жайсаң шағы еді. Алматының әсем бір таңында Жазушылар үйінің алдында оған жолықтым. Қайқы төсін жасыл теректердің арасынан жасырынып ескен майда лепке тосып, алыстан менің келе жатқанымды көріп, амандасқалы тоқтаған екен. Бұрын ылғи жолыққан сайын, Жазушылар одағының фойесіндегі шеттеу орындыққа жайғасып алып, ол маған Қашағаннан жыр соғатын. Сол әдетіммен: «Қалай, Қашекеңді айтасың ба?» деп едім, ол: «Қызметке орналасатын болдым, бүгін-ертең бір-екі ақынды ертіп, Қарақалпақстанға жүрмекпін» деп асығыс басып, қоштасып жүріп кетті. Мен бірақ ол кезде оның мәңгілікке қоштасқанын білмеппін», – дейді.

***

Төлеген екеуміз ақшаны бөліп алдық. Мен сол жолға жетерлік жиырма сом алдым да, оған сексен сом тастадым. Ташкенттің Бостандық ауылында әкем бар. Сол кісіге сеніп бара жатырмын. Егіз қыз бен Махаббат сонда қалған. Поезд осы жерден жүретін болғандықтан, бір сағаттай бұрын вагонға кіріп жайғасып алдық. Шығарып салушыларға «қайта беріңдер» дедім. Төлеген науқас, оған «дәрігерге бар» деп тақап айттым. Ер адам болғасын қалтасы өзіне жетерлік босын деген ой менде. Бір кезде вагонның терезесін соққылап әйел даусы айғайлап тұр. Төлеген бізді поезға шығарып салып, апама сексен сомды қайта ұстатып жіберіпті. Мен шығарып салған адамдарды қайтарып жіберген сол, көл-көсір болып жылайын, көзімнен жас тоқтар емес. Енді апамның даусын танып тұрмын. Сасқалақтап, бетімді тез сүртіп, терезеге келсем, апам есікке кел деп, мені ашық тұрған есікке шақырды. Барсам, «Мынаны Төлежан саған беріп жіберді» дейді. Шалының аты Төлеген болғандықтан, әрі апасы, әрі анасы, үлкен апайы. «Мен алмаймын, оған ақша керек қой» дедім. Сол кезде ол: «Бармыз ғой, ала берсейші. Маған сөйлеп жүрер, ал» деп жүгіріп келгендіктен ентігіп тұр. Содан әлгі ақшаны алып қалдым. Апама «Тез барып ананың жағдайын істеңіз, айран қатқан көже керек пе?» деп қойдым. «Ауа, ауа» деп ақшаны берген соң, көп іркілмей жүгіріп, кері қайтып кетті. Мен қайтып келіп, орныма отырғаным сол, көзімнің жасы парлап тоқтар емес. Купеде бір ғана жігіт жатыр, қалған орын – бос. Салтанатқа балалар билетін алғанмын. Қысқасы, басқа купелер туралы ойымда ештеме жоқ. Сонымен, мен тоқтай алмай, Хожа еліне дейін еңіредім. Содан бойымды жинап балаларға, өзіме карайын деп икемделгенім сол, жаңағы жігіт тез шай алып келді. Хожа елінен жерге түсіп, балаларға керекті ұсақ-түйек зат алып шығыпты. Балалар мәз, мен еңіреп отырған кезде, ол жігіт екі баланы ойнатып, вагонның дәлізінде жүрді. Қауын, қарбыз да алған, қысқасы, төртеуміз отырып шай іштік. Енді танысып сөйлесе бастадық. Қазақ емес, түсініспеген жерін орысшалап сөйлесіп отырмыз. Ол сұраған соң, мен бес баламның бар екенін, өзімнің отыз жаста екенімді, күйеуімнің ауырып қалғанын, оның іссапарға келіп, ауруханаға түскенін, осы жер елі екенін айттым. Өзі «Мен әлі үйленген жоқпын. Самарқанда тұрам, әке-шешем бар, вахтада он бес күн жұмыс істеп, он бес күн демаламын» деді. Содан әр түрлі тақырыпта сөйлесіп отырдық. Үлкен аялдамада жерге түсіп, балаларға керектіні үйіп-төгіп алып келеді. Ақша берсем, алмайды, ол кезде поезд екі жарым сөтке жүретін. Қысқасы, Самарқанға барғанша бізге қызмет көрсетіп, Салтанат пен Дәуренді ойнатып барды. Мен екі баламен Ташкентке жеттім. Үйге келсек, егіздің біреуін ауруханаға, екіншісін тәуіпке алып кеткен екен. Кішкенелер қатты науқастанып ты. Інімді қасыма алдым да, ауруханадағысын шығарып алып, Алматыға қарай шығып кеттім. Жол бойы өлтіріп алсам, кайтем деп қорқумен жеттім. Әкеліп екеуін де ауруханаға салдым. Ендігі есіл-дертім екі қыз болды. Алғашында Төлегенге ештеңе айтпадым, өзі ауырып жатқанда қосымша болмайын деп. Оның қатты уайымдайтынын жақсы білем. Ол ана жақтан хат жазады, мен жауап жазуға да қорқам, қалай балалар аман-сау деп айтам? Қыздардың жағдайы нашарлай бастаған соң, айтуыма тура келді. Екі қыз – ауруханада, екі бала – үйде. Махаббат – анамда. Таңның атысы, кештің батуы – бір тыным жоқ. Сол күндер азапты сияқты көрініп еді, ол да түк те емес екен... Бір күні Нөкістен менімен телефон арқылы сөйлесті. Бірден «Екі қыздың хәлі қалай?» деді. Мен екеуінің де хәлі нашар екенін айттым. Ол тыңдап болды да: «Жарайды, көп қайғырма, жағдай қиындап бара жатса, маған шұғыл телеграмма сал. Қалаудың (Қалаубек Тұрсынқұлов) үйлеріне Қуанышбайды жүгіртерсің» деді.

Қуанышбай немере інісі болатын. Ол әкесінен он сегіз күндігінде, шешесінен үш жарым жасында жетім қалған. Мектеп бітіргеннен кейін, біздің Салтанат үйге келді. Төлеген телефон арқылы оның жағдайын да сұрастырып, маған кеңес берді:

– Қуанышбайдың документін СХИ-дан ал да, кез келген жоғары оқу орнының кешкі бөліміне тапсырт. Өзім де жиырмаларынан әрі барып қалармын. Жазған әр хатында да маған інісін көп тапсыратын. Сол сапардан Төлеген оралған жоқ. Ағалы-інілі бірін-бірі көре алмай қалды» дейді.

Анамның айтқан естеліктеріне байланысты, осы жерде, мен сол кездегі әкемнің Қарақалпақстаннан анама жазған хаттарының түпнұсқасын толығымен ұсынғым келіп отыр: «Аман-саумысыңдар? Балалардың дендері сау ма? Бөрібектің үй іштері аман ба екен?

Ал, Үрниса, сен кеткесін мен екі-үш күндей Оразғалидікінде жатып, Дауылбайды шақыртып алып, емделіп ем, бірақ Дауылбай, Никитинада ауруханаға жатып, 10-15 күн емдел, жақсы болып кеткен соң, жұмыс істейсің деп болмады. Солардың айтқанын қылып 28 (шілде) июль күні келіп ауруханаға жаттым. Мақпалша да, Балхия да – екеуі де келіп көріп кетті. Тамақ тасушылар көп. Дәрі қазір жағып жатыр. Күніне 2-3 рет глюкоза, тағы басқа нәрселерден укол салады, бәрі де әсер етуде, ішім де қайтып келе жатыр. Мен де врачтың айтқан режимін ұстап жатырмын. Сен енді әзірше менен қауіптенбе, переговормен де сөйлесермін. Қазір Алматымен –Шакеновпен РК- ның учетынан сөйлесуді күтіп отырмын, түнгі 12-де. Оған жағдайды, жұмыс бабын өзім айтам. Қуанышбай бізге біратала келіпті, мына үйімен шығыспай кетіпті. Олар бізге жолатқысы жоқ екен, бала ағамды табам, оқымасам да, соның есігінде жүрем деп серт айтып кетіпті. Ауруханаға Ұштап келіп айтты. Сондықтан мен барғанша бар қамқорлықты жасай бер. Оқуға түссе, құба-құп, түспесе де барғасын аманшылық болса, бір есебі табылар. Түсе алмаса, үйге учетқа отырғыз. Жұмыстың тамашасын өзім барғасын тауып берем. Ал енді балаларға, бәріне де қарай бер. Қысқасы, менің денсаулығым жақсарып келеді. Мен де көп ұзамаспын. Қоңырат бітті, мынадан шықсам, Нөкісті тез бітіріп барып, үй жағдайын, қаражатты бір жөнге салып қайтармын.

Балаларды мен болып сүй. Кеңсе үйдің, Жәлел, Қуаныштың жағдайларын айтып, ауруханаға, Катираның атына хат жаз.

Сәлеммен, Төлеген.
29 июль, түнгі 1.

Үрниса!

Өзіңнің, балалардың дендері сау ма? 30 июль күні Кеңес Сәрсекпен сөйлескен екен. Сені Алматыға, үйге барды деп айтпапты, соған қарағанда неге іркілді екен деп тынышсыздандым, ал менің жағдайым қазір өте жақсы деуге болады. Өзгеріс, баяғы Наурызбай досымыз (минздравтағы) республиканың главный терапевты екен. Сол арнайы сан самолет жіберіп, мені 31 июль күні Нөкіске алдырды. Әзір басқа да тәжірибелі врачтар бар екен, қарап жатыр. 7-8 күні сауықтырып, аяғына мінгіздіріп жібереміз деп жатыр. Өз чувствам жақсы. Өз жоспарымда ең кемі 10 августқа дейін жатсам деген ойдамын. Орал үй-ішімен тік тұрып, ертелі-кеш хабар алады. Тамақ толып тұр. Көбей, Керей, Орақ т.б. әкеп жатыр. Жалпы, еш нәрседен қиналып жатқаным жоқ. Аз жатсам болмайтын да, қазір тіпті осы 7-8 күнде атқа мінгендей болдым. Еш жерім ауырмайды. Енді сен былай қыл: Балалар тарықпасын, өзің де ешкімнен ақша сұрама, тым болмаса Қуанышбайдан ала тұрарсың. Барғасын бәрі де ретке келеді. Қуаныш та, Кенес те қасымда бірге жатыр. Менің сендерге переговорға шақыруға, ауруханада болған соң, сыртқа шығуға мүмкіндігім жоқ. Сондықтан сен Оралдың үй адресіне бәрін айтып, жағдайларыңды толық баяндап, хат сал. Нөкіс, Парковый тупик. Демегеновой Орал де.

24 күні жазып, 30 күні салған хатым барған шығар, бұл осында келгесін жазып отырған хатым. Жұмыс жағдайын өзім реттеймін, оған бас ауыртпай-ақ қой. Басқа хабар жоқ. Қуаныштың түсіп кетуіне көмектесу жағын қарастыр, СХИ-ға документ тапсырып қой. Енді ол көрсе де, көрмесе де бізге біратала келген бала. Әнеукүнгі хатта айттым ғой. Балаларды мен боп сүй.

Сәлеммен, саулықпен
Төлеген Айбергенов.
2 август, 1967 жыл.

Үрниса!

Үй-іші, балалардың дендері сау ма? Сенен не онда, не мұнда ешбір хабар болмай жатыр ғой. Менің жағдайым жақсы. 31 июль күні ауруханаға Нөкіске келіп түскем, өте жақсымын. Ішкі суды айдайтын түрлі дәрілер, уколдар беріп жатыр. Бір түрі әсер етпеді, бүгін 2-түрі, басқа біреуін салды. Әлі результатын берген жоқ. Жалпы, жақсы Балхия, Төлеген, Қуатпайлар Нөкіске келіп кетті. Мақпалша жаңа Қоңыраттан телефонмен сөйлесті. Балхия әлі Оралдікінде, әлі кеткен жоқ, бүгін Артығалы мен Зәбира келетінге ұқсайды, менің тап сондай науқасым жоқ, сонда да көңіл білдірейін деп жатқан болу керек. Қуанышбай Сельхозға резерв болса да түссін, сонан соң реті келер.

Мен мұнда сол 13-15-теріне дейін жатпақшымын. Еш жерім қинап зерігетін де жағдай жоқ, тек балаларды сағындым. Қажетті қымбат дәрілерді Көбей мен Наурызбай тауып беріп тұр. Бүгін переговорға шақырып, Қатира сенімен, Ташкентпен сөйлесетін шығар. Екі жарым айға усовершенствованиеге бүгін ұшып кетті. Маған сен бар жағдайды баяндап Оралдікіне хат жаз, басқа хабар жоқ. Болғанымша хабарласып тұрмын ғой, балаларды мен болып сүй.

Үйге кімдердің келіп, кеткенін де қалдырмай жаз.

Сәлеммен, Төлеген Айбергенов.
7 август.

Үрниса!

Саумысындар! Балалардың дені сау ма? Сенен мұнда Оралдікінен әлі хат келген жоқ. Сонда да бүгін 4-хатты жазып отырмын, бір телеграмма да жібердім. Менің жағдайым жақсы, бір аптадай әлі жатамын. Бәрі аманшылық. Кеше Алматыдағы Бас бастығыммен сөйлестім, біз де жақында барамыз. Командировканды продлить етермін. Сен сонда біз барғанша бола бер, бізді бастап алып қайтасың деді, сондықтан сені беспокойт етуіңе тура келер. Сірә, Үсендер (Қатша апамның баласы) Ұл той беретін болып, соған Балқия мен Мақпалша Оралды шақырған. Маған өкпелей көрмеңдер. Соған бәріміз барамыз деп решение жасадық. Тойы 16-сы көрінеді, аналар мал әкелетін болды. Ал енді бүгін сені мен переговорға шақырамын ба деп отырмын. Қалған сөзді сонда айтамын. Балаларды мен болып сүй. Менің денсаулығым жақсы. Ақша жағдайынан қысылып жатсаң, айт. Басқа хабар жоқ.

Сәлеммен, Төлеген Айбергенов.
9 август 1967 жыл.

Үрниса!

Аман-саумысындар. Балалардың дендері сау ма? Сенің жазған хатыңды да (10.08. 1967.) кеше алып, қуанып қалдық. Кеше обкомнан бір машина алып, ішіне Оралды салып, Мақпалша мен Балқия екеуін, екі мал мен мына Үсеннің тойына алдыртам, өзім де рұқсат алып, бүгін кеште барып, ішінде мүмкіндігінше болатын болып отырмын. Ал денсаулық мәселесі дегенмен, жеңіл де емес екен. Режим сақтап тыныңу жақсы, пайда беріп жатыр. Су азайып келеді, бірақ длительный процесс көрінеді. «Сен Алматыға кет, сонда жақсы дәрілер бар, біз направления береміз. Бізде ондай дәрілер жоқ» деп кей врачтар айтып жатыр. Дегенмен, менің жақын арада оны тыңдайтын түрім бар. Мына мәселені бір жақты қылу керек, жалпы емделу керек, бірақ қорқынышты емес деп жатыр. Өз самочувствиям жақсы, жайшылықта былай жүрсем білінеді деп айтпаған да болар ем. Емхана сөзі басқаша ғой. Сен енді менен уайым шеге бермей, өзді өзіңмен бола тұр, ақша, қаражат жағы да бір ретке келер. Мен ана қыздар өліп қалса, соның ретін қалай табады деп уайымдап жатырмын, ең басты қайғы сол болып тұр. Жасырмай айтсам, өз ойым осы, маған жалпы ойлануға, қайғыруға болмайды дейді врачтар. Қатты ойлансаң, су толып кететін көрінеді. Бұл жалпы ауру асылы суықтан, ойлаудан екен. Сондықтан өзімде сақтанып жүрмін, ал ең бастысы, көңіл-күйім жақсы, денем сергек, еш жерім ауырмайды. Ішкі организмім отлично істейді, аппетит деген тамаша, тағы да хат жазамын ғой, сен ойланба, переговормен де сөйлесемін. Сұрағандарға тегіс сәлем де, Қуаныш жүре берсін. Сәлеммен, Төлеген. Кеңес 3 күні ме, сол ертеңіне ме, мекен-жайын беріп, бар хабарды айтты, Қуаныштың паспортын тез жіберемін, өзім де саған келіп-кетем деп кеткен. Дәулеттен хабар алдым, тілектестік хат жазғаны үшін, үлкен рақмет! Мен де амандығына тілектеспін! деп жазды де.

15. 08. 1967 ж. Айбергенов

Сен мендегі бауырмалдықты көрсең,
Баурайынан бар таудың сел күреген.
Жел өтінен желкен боп желбіреген,
Көлдерге айналар ең,

Көктемде мөлдіреген, – деп өзі жазғанындай, бұл хаттардан әкемнің керемет бауырмал екендігін, інісі Қуанышбайға әр хатында жағдай жасауды ойластырғанын көреміз. Әр хат сайын «денсаулығым жақсы, еш жерім мазалап тұрған жоқ, күннен күнге жақсымын» дегенді жазады. 28.08.1967 жылы қайтты дегенге сену қиындау сияқты, кім біледі, мүмкін анамды аяды ма, не басқа жағдай ма екен? Әйтеуір, менің ойымнан осы жәйт еш кетпейді.

Сол 1967 жылдың 16 тамыз күні анам әкемнің дауысын телефоннан соңғы рет естіген екен.

***

Жүрегім ылғи қобалжиды да тұрады. Бұл не? Сағыныш па, әлде құлазу ма, әлде кесел ме айналдырған, әйтеуір бір нәрсе жетпейтіні анық. Құлағым еш нәрсе естімейді, қолым іске бармайды, көңілім еш нәрсеге толмайды. Қазақ «Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан» дейді. Мені жалғыз қалдыратындай Тәңірге не жаздым екен?! Астапыралла, жалғызбын деймін, Алла күпірлікке санамасын. Қасымда Төлешімнің көзіндей ұл-қыздарым бар. Бірақ, менің айтып отырғаным, өмірдің ыстық-суығын бірге көтеретін сүйген жарымның мына жалған дүниеге мені жалғыз қалдырып, бар ауыртпалықты менің мойныма артып кеткені...

Айналама қарасам, елдің бәрі көңілді, тек менің көңілім жабырқаулы. Мен осыншалық жүдеймін деп ойладым ба? Осы сырларымды кімге айтарымды білмеймін? Кейде бұл дүниеден баз кешіп кеткім келеді. Тек балапандарымды ойлап тәубама келемін. Ешкіммен сөйлескім де келмейді, жұмысқа қолым да бармайды. Менің жан-дүниемді кім түсінеді? Адам өлмеген соң, әйтеуір жүре береді екен ғой. Жаным жылаулы... Мұндай болады деп кім ойлаған?! Осыдан екі-ақ жыл бұрынғы 7-наурыз Төлегеннің туған күнінен бір күн бұрынғы шаттығым, шат күлкім қайда? (Бұл естелік ақын дүниеден өткен соң, 1969 жылы жазылғанын ескертеміз. Ред). Қос құлынымның бесіктерінің жанынан өткен сайын мені көріп, мәз болып, көздерімен шығарып салып жатады, Дәуренім өз тілінде бірнәрселерді айтып қояды. Ал Салтанат ошақ қасында ойнап жүр. Қандай көңілді, бақытты сәттер еді. Көңіл жабырқайтын ештеңе жоқ. Тек, ертең Төлегеннің туған күніне кімдер келіп қалады екен, дастарқан мәзіріне не дайындасам деген ой ғана. Сол бақытты шақтардың өтіп кетерін білсемші... Қазір ше, қазір жылағым келеді. Өзімді өзім алдарқату үшін жаза бастаймын. Көз алдымнан сенің күлкің, жылдам жүретін жүрісің, менің ойымды айтқызбай сезетінің – бәрі, бәрі кетпейді. Төке, енді қайткенмен де, сенің оралмасыңды білсем де, бір белгісіз үміт пе, сезім бе, білмеймін «Үреке» деп кіріп келетін сияқтысың.

Жазып алып, өңдеген
Салтанат АЙБЕРГЕНОВА

№6 (928) 8.02.2021 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

Ғажайыптар тұнығына

Көрнекті қаламгер Мағира Қожахметова жетпіс бес жасқа толды. Осыған орай оқырман назарына жазушы туралы әріптесінің лебізі ұсынылып отыр.

Жанат ЕЛШІБЕК,
жазушы

Қашанғы ғадетінше есіктен сықылықтай, сыңғырлай сөйлей кірген Мағаш қолыма жалт-жұлт еткен, көгілдір мұқабалы кітапты ұстатқан:

– Орнында отыр екенсің ғой. Жақау дос шығарып берген кітабым. Уақытың болса, оқып көрерсің. Өзіме ұнайды. Көп жұрт түсінбеуі де мүмкін...

– Құтты болсын! Сенің қай жазғаның да елең еткізеді емес пе. Шынын айту керек, қазіргі қысылтаяң таршылық кезде мұндай тамаша кітапты ешкім шығарып жатқан жоқ. Аты да тамаша екен – «Адам-құпия».

Риясыз жымыңдаған ол ұзақ бөгелмеді. Марапат сөзімді естігісі келмегені аян. Даңғаза мадақты, артық көпірмені әсте жаны қаламайтын ерке қызымыздың баспахана бояуы аңқыған жаңа жинағын қызыға аударып-төңкеріп, асығыс-үсігіс парақтай бастадым. Бұрын-соңды жиі жазылмаған, жұмбағы мен құпиясы мол таңсық тақырып. Қайсысына көз сүзсең де тылсым дүние сыры баурап, матап аларлықтай. «Бәрін шетінен асықпай оқып шыққан жөн». Шаш етектен асқан газет жұмысының арасында тартпамда жатқан Мағираның кітабын қалт еткен мезетте әлсін-әлсін ынтыға қарап қоямын. Жедел шола барлағанда байқағаным мұнда түс көру, адам бойындағы құпия қасиеттер, көріпкелдік сыры, сандардың магиялық билігі, құмалақ ашу құпиялары, парапсихологиялық тәжірибе көріністері – бір сөзбен айтқанда тылсым дүниенің құдіреті хақында егжей-тегжейлі әңгімелейді.

Көз алдыма жұлдыздары жамыраған алқара көк аспан әлемін елестеткен кітаптың ең соңғы абзацын тағы бір мәрте іштей күбірлей оқып шықтым. «Күн... Түн... Үн... боп алма-кезек ауысып, жанталаса жарысқан айhай, жасампаз жарқын дүние-ай, соның бәрін жоқтан бар қылған, құдіреті мен құпиясына зар қылған жаратқан ием, көкірек көзін ашып, жарылқай гөр!».

Әуелден-ақ жазу мәнер-машығы өзгеше әріптестің сөз сараптауы мен ой саралауы да оқшау екенін дабырайта айғақтап тұрар стилін жоғарыдағы түйіннен аңғару қиын емес. Кез-келген қаламның ұшына іліне бермейтін желекті пікір. Алау жастығымыз, алаң жылдарымыз «Ленжастың» (қазіргі «Жас Алаш») қасиетті шаңырағы астында бірге өткен кешегі бозым қалам иесі, бүгінгі белгілі қарымды жазушы-журналист Мағира Қожахметованың әр жазғаны есте. Көк күмбезінде жүзген ақша бұлттай кіршіксіз көңіл, пәк пейіл бір-біріміздің жүрегімізден сүзіліп, саусағымыздан суылдай құйылған дүниелерімізді ынтыға, ықыластана оқушы ек. Тіпті, көбіне терімге жіберілмей жатып-ақ секретариаттағы сөренің жанында тұрып-ақ шолып шығатынбыз. Ертеңіне газет бетінен қайыра асықпай зерделей оқимыз-ау жапырлап.

Сағынышты жылдардың жақсы әдетін әдейі жаңғыртып отырмын. Өйткені, қалай де, олай де, жетпісінші-сексенінші жылдардың журналистикасы айрықша-тын. Әңгімеге бергісіз көркем очеркте мен суреттемелер, ішіндегі бір сөйлемімен, әйтпесе жұтынған тақырыбынын өзімен-ақ назар аудартар материалдардың дәуірлеген кезі еді.

«Ұйқым келмейді» (Оралхан Бөкеев), «Жұлдыздар бұлттарды жарып барады» (Ырым Кененбаев), «Он сегіз бен жиырма бестің арасы» (Орысбай Әбділдаев), «Билейді доптап» (Жақау Дәуренбеков), «Буырқанған бояулар» (Жарылқап Бейсенбаев), «Дөңгеле, күн, дөңгеле» (Әшірбек Көпішев), «Алтын күрек лебі» (Сейітқазы Досымов) деп тізіліп ұшына тірелген дәмі мен дәні тамсаңдырар қадау-қадау шашақты дүниелердің санатында Мағираның «Өмір деген тамаша екен ғой, бауырым!» очеркі бар.

Жадыда жатталған ғұмырлы туындылар ешқашан ұмытылмайды. Қаншама жылдар өтсе де санамыздың бір түкпірінде өшпестей сақтаулы. Өткен күндер қоңырауын дабылдатқан кезде мүдірмей ойға оралатынына әрдайым кәміл көңілдемін. Бүйтіп сенімді сөйлеп отырғаным әлгінде санамалап шыққан авторлардың біразымен сыр ақтарып көріңізші. Баршасының ойы мен пікірі ортақ арнада тоғысып жатқанына куә боласыз. Меніңше, бұдан артық айғақтың қажеті де шамалы-ау. Қазіргі журналистиканың да, журналистің де формуласы мен психологиясы мүлдем басқаша. Ақпараттық бағыт-бағдарға бет бұрған. Жеделділ, уақыт қанатына ілескен дүниелерден терең талдау, сапалы мазмұн мен биік көркемдікті талап ету де ағаттық шығар. «Болды», өтті... «Келді», «кетті»... осы сарындас электронды басылымдардың сүреңсіз стилі бүгінгі баспасөз бетінде тұтастай көшіп бара жатқанға ұқсайды. Бірінің жазғанын бірі оқымайтын жазармандар қатары көбейіп барады. Ең өкініштісі, тіл білмейтін, қазақтың бітім-болмысынан, ұлттық қадір-қасиетінен мүлдем бейхабар тамырсыз, асфальтта туған журналистер легі жыл өткен сайын артуда. Оның кейбірімен сіз де, біз де қатар жүрміз. Сондықтан да тәптіштеп мыжымай-ақ қояйын. Сөз орайына қарай іштегі түйткілдердің ұшығын сездіргенім да. Әйтпесе, біздің әңгіме – зерделі журналист, талғампаз эстет, сезімтал жазушы Мағира Қожахметованың өнернамасы төңірегінде еді ғой.

Бұған дейін республика баспаларынан Мағираның «Күннің алтын сынығы», «Әлем-әуен», «Жылы шырай» атты көп көңіліне ұялаған танымдық, эстетикалық кітаптары жарық көрген-ді. Қызыл цензураның кәріне ұшырап, ұзақ жылдар бойы жабулы жатқан «Жантәсілім» роман-дилогиясы өз оқырманының қолына жетті. Тағы да қадап айтарымыз – тұтқындалған бұл романды «Ана тілі» баспасы, Жақау Дәуренбек шығарған. Шығармашылық додада көп ретте жігіттерден мойны озық көрінетін Мағираның кітаптарына жітірек үңілген сайын жүрек қылын тербер алуан-алуан тартымды да, қызық оқиғаларға құрылған қилы-қилы тағдырлармен жүздесесің. Қазақ өнері мен киелі сахнасынан саңлақ дарабоздармен, аса дарынды жұлдыздармен кездесесің. Тұтас бір өнер иелерінің галереясын түзетін көркем очерк-портреттері автордың өнер кілтін, муза тілін шебер меңгерген сарабдал суреткер екенін айқын көрсетеді. Ал. «Жантәсілімде» тың көтеру кезеңіндегі келеңсіздіктер, әдепсалттан жұрдай, өз тілін ұмытқан мәңгүрттердің мүшкіл халі еш бүкпесіз суреттеледі. Жазушы жанайқайы қоғамдағы дерт пен адамдар бойындағы жағымсыз іс-әрекеттерді әшкерелеу арқылы тым асқақ әрі дабылды естілгендей. Енді, міне, қағілез қаламгер бұған дейін тыйым салынған, ашық жазуға болмайтын шетін тақырыпқа батыл қадам жасаған.

Өзіндік дара қолтаңбасы қалыптасқан, айнала төңірегіне өзінше жанар жүгіртіп, көргенбілгенін көңіл сүзгісінен өткізіп барып ой саралайтын қаламгер Мағира Қожахметова қалың көпшілік оқырманға тың туындысын ұсынып отыр. «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Адам-құпия» аталатын танымдық кітабы ешкімді де бейжай қалдырмасы анық. Өйткені жазушы бұл жинағында соны сүрлеуге ұмтылады. Адам бойындағы таңғажайып қасиеттерді, көріп тұрып сенуің қиын қабілеттері хақында қалам тербейді.

Иә, дүниедегі ең құпия да күрделі құбылыс – адам. Өкінішке орай, біз бұған, яғни өз табиғатымызға пәлендей мән бермейміз. Небір ғылым салаларын түбегейлі зерттейміз, техниканың таңдай қақтырарлық жаңалықтарын жасаймыз, аспан әлеміне үңіліміз, жер қойнындағы пайдалы қазбаларды игілігімізге айналдырамыз. Ал, мұның аржағында жасырынған адам болмысының құдіретіне жете бойламаймыз. Біз тек адамның ет пен сүйектен жаратылғанын, жалпы сыртқы анатомиясын ғана еміс-еміс білеміз. Жан атты жұмбақтың, рух атты қасиеттің астарына, қатпарлы жықпылына тереңірек үңілмейміз.

Тіршіліктің ең бір пісіп-жетілген жемісі – адамның әлі де ашылмаған сыры көп. Мұның себебін әрбір жан иесінің қайталанбас тұлға екенінен іздеу қажет. Мейлі жағымды, мейлі жағымсыз болсын кез-келген пенде өзіне дейінгі бірде-бір пендені ап-анық қайталамайды. Бабаларының кейбір қасиетін сүйегіне сіңіргенімен, тұтастай келбеті, ішкі, сыртқы мазмұны, түрі бәрібір өзіндік қана сипатқа ие. Байқаңызшы, жер бетіндегі әрбір адам өзінше бөлек әлем. Кеңістікте әрлі-берлі үздіксіз тербелген толқындар, ағыстар адам табиғатына тән емес деп көріңізші. Әр адам ерекше әлем құраса, оның тұтастай табиғатына әлгі әлемге тән құбылыстар да жақын болса керек. Бірақ бәріміз тәңірдің құлымыз, жаратқан иеден асқан мықты жоқ. Сөйтсе де көбінесе астамшылық танытатынымыз рас. Кейінгі кезде көріпкелдік, әулиелік, бақсылық, емшілік қабілеттері бар адамдарға айрықша ықылас танытып, тіпті асыра мақтауға, марапаттауға бейімделіп алғанымыз да шын. Олардың бойындағы қадір-қасиетті зерттеп-талдаудың орнына жөнжосықсыз тамсануға жол аштық. Неге? Әлде біле тұрып, сезе аңғарсақ та атүсті жеңіл-желпі қараймыз ба? Мүмкін, бұрын-соңды жиі айтылып жүрмегендіктен де шығар. Таңсық жайға таңырқау ежелден қанға сіңген қасиетіміз ғой. Автор, мінеки, осындай түйткүл сауалдарға жауап іздей отырып, мүмкіндігінше тылсым-дүниенің құпиясымен сырын түсінікті де, ұғынықты етіп әңгімелеуге зер салады. Ғылыми тәжірибелер мен ізденістердің нәтижелерін нақты мысалдар аясында баяндайды.

Табиғат пен тіршіліктің жұмбағы мол тылсым дүние екені баршаға мәлім. Ал он сегіз мың ғаламның бір бөлшегі саналар адам болмысының құпиясы өз сырын мүлде тұңғиыққа жасырған. Қанша зерттелді десек те, дәуір керуені ілгері жылжып, уақыт озған сайын жаратылыс пен өзекті жанның арасындағы қарым-қатынас алдымызға небір тосын оқиғалар мен ғажайыптарды көлденең тартып келеді емес пе? Көп ретте біз оған жете мән бермейміз. Кітаптағы зерттеме туындыларын оқығанда қилы-қилы әсерге бөленіп, ой мұхитына шомасың. Санаңды жаулаған сауалдар легі адам құдіретінен шексіздігіне байыппен көз жіберуге еріксіз жетелейді.

Жан, тән, рух дегеніміз не? Олар хақындағы түйсігіміз бен білігіміз қаншалықты? Адамның патшасы өз денесінде дегенді қалай түсініп, сезінеміз? Ұлттық ырым-жоралғылардың, салт-дәстүрдің төркінінде жасырынған ғылыми дәйектемелер қандай? Парапсихологиялық тәжірибелердің күнделікті өміріміздегі көріністері, әріптердің, сандардың магиялық билігі, алғыс пен қарғыстың материалдық көшірмелері, ниет пен пиғылдың тірліктегі үстемдігі жағдайында не білеміз? Әрине, мүдіріп қаламыз-ау... Себебі, заманнан-заманға ұласып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан бабалар мектебінің қайнарынан қанып ішпеген кейінгі буын өкілдері құдайын ұмытып, Алласын аузына алмағаны жасырын емес. Тіпті аруақтарға дұға оқып, бетімізді сипаудан имене жасқандық емес пе?! Әйтпесе зерделеген жанға үлкендер үрдісінен жеткен дәрістердің берері де, үйретері де мол еді.

Тыңнан түрен тартқандай көрінетін сорабы бұлдыр, жұлынды тақырыпқа құлшына кіріскен Мағира қазақ журналистикасына, оның ішінде танымдық жанрдың керегесін кеңейтуге үлес боп қосылар бұл туындысында былайғы жұрт біле бермейтін талай-талай қызықты деректер мен

№6 (928) 8.02.2021 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

үнілген

ӨМІРДЕРЕК

Мағира Қожахметова 1946 жылы 5 ақпанда Көкшетау облысы Зеренді ауданы Қошқарбай ауылында дүниеге келді.
Көкшетау кітапхана техникумын бітірген. Мектепте, кітапханада жұмыс істейді. 1969 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмәмдады. Республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде 1981 жылға дейін қызмет істеген. 1981-1992 жылдары «Қазақстан әйелдері» журналында, 1992-1994 жылдары «Денсаулық» журналында, 1994-1996 жылдары «Ай», 1996 жылдан «Ақ желкен» журналында қызмет еткен. 2002 жылдан бастап балаларға арналған «Балбұлақ» журналын, 2005 жылдан бері көпшілікке арналған медициналық, танымдық «Дертке дауа» газетін шығарып келеді. «Күннің алтын сынығы», «Әлем-әуен», «Жылы шырай», «Адам құпия», « Жантәсілім», «Жападан жалғыз» сияқты көптеген кітаптардың, бірқатар танымдық материалдардың, шығармашылық портреттердің авторы. 2006 жылы шыққан Қазақстанның Халық жазушысы, ақын Мәриям Хакімжанованың III томдық шығармалар жинағын құрастырған. 1982 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Құрмет грамотасымен, 2006 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (2008).

жағдаяттарға тоқталады. Құрғақ баяндаумен шектелмей өз ойлары мен пікірлерін ғылыми негіздемелерге сүйене отырып әсерлі әңгімелейді. Сондықтан да біз қаламгердің соны ізденісіне кеңірек тоқталғанды жөн көрдік. Өйткені, «Адам-құпия» әдеттегі очерктер мен мақалалар жинағы емес. Кескекті де, кесек дүние.

Өз ойын ұштай түскен автор былай дейді:

«Адам жанының байлығы, рухани пәрменділіг інің күші шексіз. Көзге көрінбейтін қазбалардай оны аршып шығару оңай емес. Анатомиялық құрылысы соншалықты шағын, айқын болғанымен, адам рухының асқақтығы, қайраты, жігері қайран қалдырарлық жәйт. Жоғарыда айтқан – болжағыш, емдеу т. б. қасиеттерді әбден түсіндіруге келерліктей, талдай алатындай ұғым ретінде қарағанымыз жөн...

...Әңгімеміздің басында айттық – адам тек ет пен сүйектен, теріден жаратылмаған. Бұдан басқа да адамның «тәні» бар, ол бірақ көзге көрінбейді, асқан сезімтал жандар ғана оны көре алады, техникалық құралдың көмегімен де байқауға болады бұл «қуатты тәнді». Ғалымдар «астральді тән» (латынша: жұлдыздардан шыққан), «екінші тән – «аура» немесе «жанның тәні» деп те атайды. Мұндай энергетикалық тән тек жанды заттарға емес, жансыз заттарға да ортақ. Құпиялай қортынды жасасақ, адам: тән+жан+рух атты бірлестіктен тұрады. Тән (материалдық тән) мен рухты (энергетикалық тән) байланыстыратын жан».

Осылайша өзінше танымдық барлау жасай отырып жазушы адам бойындағы құдіретті, көпке беймәлім қасиетті, алапат күш-қуатты – ықылым заманның қатпар-қатпар құпия астарларынан іздестіріп әңгіме өзегі етеді. Осынау қиын бағытта ол «әр адам – бір-бір әлем» дегенді меңзей отырып, сол ғапыл дүниенің кеңістігін бүгінгі күнмен үндестіре, түрлі-түрлі дәйектерге жүгіне баяндаған кезде жалаң ділмәрсуге бармай ғылыми пайымдаулар жасайды. Естіген, оқыған, түйген, қорытқан, бақылаған әрқилы ұғымдар төңірегінде оқырманмен ой бөліседі.

Сондай-ақ бұл кітапта автор құмалақ ашудың, түс көрудің, көріпкелдіктің, емдеудің, дуалаудың көпшілік біле бермейтін қалтарыстары мен сырларына жеке-жеке зерттеме туындыларын арнаған. Сөйтіп, адамдардың көкірек көзін ашып, маңайына жіті көз салуды мақсат еткен қаламгер қай-қайсысымыздың да ішкі сарайымыздың кіршіксіз, ниет-пиғылымыздың мөлдір, ойымыздың таза, жан-жағымызға шашар шуағымыздың нұрлы болуын өрелі әңгіменің алтын арқауы етіп өреді.

Құпиясы тұңғиық ғажайып құбылыс саналатын адам құдіреті туралы бұл туындының айтары көп. Мә, өзімізді-өзіміз терең білеміз бе?

Жастық жылдарымыздың қол бұлғап өте шығарын қайдан зерделейік. Журналистік жол кейінірек басқа арнаны жағалатты. Мағира «Қазақстан әйелдері», «Денсаулық», «Ақ желкен» тәрізді республикалық журналдардың тізгінін ұстады. Сол баяғы алау көрікте шыңдалған қалам талай дүниелерді әкелді. Ең бастысы, өзін қадағалап оқитын сүйікті оқырмандарының ойынан табыла білді. Оқта-текте кездескенімізде ол ежелгі жайсаң мінезіне салып, емен-жарқын сыр бөлісер еді.

Журналистік тағдыр қаншама ұлы жандармен кездестірді. Ол жылдары Мәскеу, Ленинград мәдениет шеберлері Қазақстанға жиі келетін: В.Высоцкий, В.Золотухин, С.Юрский, Ю.Яковлев, В.Васильева; Е.Плятт және басқа да көптеген өнер қайраткерлері жастар басылымының қадірлі қонағы болатын. Бұлардың біз қастарында отырып талай ғибрат сөздерін естіп, өнерлерін тамашалағанбыз. Дүниежүзіне белгілі Фрида Браун, Майя Плисецкая, Юлия Борисова, Джуна Давиташвили сынды сирек тұлғалармен сұхбаттасып, ой-пікірлерін кезінде туған халқыма жеткізгенімді үлкен қуаныш санаймын. Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы ағаларымның көпшілікке белгісіз жүрекжарды сырларын жазып алғанымды сирек бақытқа балаймын. «Қазақ әйелінің ми құрылысындағы ерекшелікті дәлелдейтін антропологиялық құнды зерттеулер бар, соны саған беремін кейін» деген Ғабит аға мен «Доченька, пиши все, что я тебе говорю, это для твоего дневника. Кейін оны жариялайсың ба, жарияламайсың ба, бұл енді өз шаруаң...» деп, жеке тағдырында ірілі-ұсақты мән атқарған қыз-келіншектер туралы нақтылы тәптіштей әңгімелеген батырдың тұлғасы мені жиі мазалайды. Ешкімге білдірмеген құпияларын маған қалай айтты екен деп таңғаламын қазір. Кім біледі, келер кітаптарымның өзегіне айналар. Бәрін де уақыт көрсетеді. Байқасақ, уақыт-сынаптың да бажайлай бермейтін құпиясы мол екен...

Мағираның бұл ойы да маған тосындау естілді. Ештеңе дей алмадым әуелде.

Тұңғиық құбылыстар мен әсемдік әлеміне құштар қаламгерге тек сәттілік тілегенмін де.

Басқа не дерсің?!

■ЛЕБІЗ

Мағирасы қазақтың – қаламыңмен ғажапсың!

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мағира Қожахметованың мінез-құлқы, табиғи болмысының қасаң ережеге бағынбайтынындай назарларыңызға ұсынылған материал үзіндісі үйреншікті заңдылық аясына сыймайды. Әлеуметтік желідегі қаламгер туралы 2015-2020 жылдар аралығындағы көпшіліктің ойын маздатқан сан алуан ой, пікірлерден жетпіс беске аяқ басқан М.Қожахметованың кейде қабылдап, кейде қабылдамасақ та шынайы бейнесімен қауышамыз. Тақырыбы да оқырманының пікірінен алынды.

Бақыт ЖОЛДЫБАЙҚЫЗЫ:

Мағира апай! Домалап адамдарға қолыңыздан келген бар жақсылықтарыңызды аянбай қызмет етіп келесіз, сондай жаным жақсы көретін үлгілі жансыз! Сіздей адамдар өмірдің сәні, көбейе берсін!

Қалампыр КЕНЖЕҒАЛИЕВА:

Журналистің бойындағы шексіз қабілеттіліктің бірі – сауатты сауалнама арқылы оқырман үшін толық мәлімет беру. Мағира журналист керекті деректерін қарпып та, тартып та алатын дарынды қалам иесі. Мағира апай! Сіз рухани дүниенің жоғын түгендеп, барын қастерлейтін ғажап жансыз!

Талғат МҰСАЕВ:

Мағира апамның шығармаларын оқығанда сондай - шабыттанам... Ыстық ықылас Мәдениет министрлігінде Сізбен қызмет атқарғаннан бері келеді... балаларым Сіз жазған дүниелерді сүйсіне оқиды... Балалардың Сіз басқарған журналға шыққан алғашқы еңбектері оларды әдебиет әлеміне қанат қақтырып, жазуларына соны серпін берді... бүгінде жазу-сызуға машықтанды... Сізді үлгі тұтады, ара-тұра теледидардан Сізбен өткен сұқбаттарды көрсе, папалап менімен бірге тамашалауға асығады...

Елдос ТОҚТАРБАЙ:

Мағира апай, сәлеметсіз бе! Қалыңыз қалай? Өткенде Астанадағы «Нұра-Астана» баспасының директоры, белгілі баспагер Қайырды Назырбаев ағамыз «Өрілген өмір өрнегі» атты Жолтай Жұмат ағамыз құрастырған, әр жылдары жүлде алған драмалық шығармалар жинағын берген еді. Арасында Сіздің «Көшім хан – Сүзге» атты пьесаңыз енген екен. Өте керемет жазылған. Шындығында, Ұлы даланың қасіретін шынайы жазыпсыз. Көп жылдар бойы ой-қазанында жатқан дүниені ақ қағазға түсірудің өзі – бақыт. Екінші бақыт – оны оқырман оқып, зердесінен өткізе алса. Әрине, осының бәрі қаламгердің жетістігі, шығармашылық ой азабының жемісі, нәтижесі.

Изатима СӘМТІКБАЕВА:

Менің өмірлік ұстазым, қамқоршым, ең мейірбан жан! Мақтан тұтамын! Өмірлік ұстазым! Жанашырым! Үлгі боларлық тұлға мен үшін! Көп-көп рахмет, Мағира апайым сізге! Мені үнемі жетелеп, қанаттандырып отырған сіздей мейірімді жанмен кездескеніме шын жүрегіммен қуаныштымын! Қарағандыдағы ата-апамнан бөлек, сіздер Ата екеуіңіз маған Алматыдағы жанұямдай болып кеттіңіздер, аман-сау болыңыздар! Жақсы көремін сіздерді!
Он алты жасымда алғаш Алматыға барғанымда қанатына басып, қамқоршым болған Мағира апайым ғой! Күйбең тіршілікпен жүріп, бас сұғып сәлемдесуді сиретіп кеткенім рас...(Бірақ ол кісінің берген рухани азығы ғұмыр бойы ұмытылмасы анық). Қазір мұндай шынайы, жанашыр жандарды сирек кездестіресің...

Жүкел ХАМАЙ:

Тәңір жарылқасын, апай! Сіздің сәуеңіз бен сәуегейлігіңіз «аштықта» қандай дәру болғаны сол әулетіміздің таңдайынан әлі кеткен жоқ. Кетпейді де. Ғалымұратымызды тоғыз жасында танып, ақ батаңызды беріп, «Ақ желкенмен» аттандырған едіңіз. Дұрыс ниет, дұрыс бата киесі қолдады. Сізге жалғаса Зейнеп апасы /Ахметова/ алақанына аялап, алғашқы кітапшасын шығарып, батасын берді. Сара апасының қатысуымен тұсаукесері өтті.... Ендігісін өзіңіз көріп, біліп жүрсіз. Осының барлығы сіздердің сәуегей, ақ тілек, ақ баталарыңыздың арқасы!... Иә, мен мұнда өлең жинағын шығармадым. Түрлі себептерден. Аудармаларым жарық көрсін деп едім, тарих тақырыбындағы екі кітап жарық көрді... «Қой жылғы қоңыр көшті» аяқтағам жоқ, мен кеткенше жалғасқаны дұрыс сияқты. Ұланбатырда үш кітап жарық көрді, бірі антология, ол отыз тілге аударылыпты... Қызметтен қол үздім. Шығармам достардың айтысында жаман емес сияқты. Сәті келген күні кітап болып жарық көрер. Айтпақшы, Ғалымұратыңыз жуықта ғана қызды болды. Атын Зейнеп қойды /апасы/. Сонымен оның шаңырағында да екі қыз. Осының барлығы мені өлең жазуға, қаламды тастамауға итермелейді, бес немере – бес атасының бастары бес жағымнан демеп, жебеп келеді. Сізге Алла разы болсын, апай! Сізді ұмытпаймыз. Ұдайы қиырдан көз салып, жазғандарыңызды аңдып жүремін. Қажытай ағам туралы жазған эссеме айтқан үлкен мадақтауыңызды қуана да, ұяла да қарсы алдым. Жақсы сөз жанға ырыс. Ырысымыз түгесілмесін, апай!

Назым САПАРОВА:

Қуанышты бөліссең, көбейе түседі. Бүгін ерекше қуанышты жаңалығыммен сіздермен бөлісуді жөн көрдім. Аллаға шүкір! «Балбұлақ» республикалық балалар журналының «жас тілші» куәлігін редактордың өз қолынан алдым. Мағира Қожахметова, маған артқан сеніміңізді ақтауға тырысамын. Сізге көптен-көп рахмет! Армандар орындалады, тек сену қажет.

Мұқағалидың

Қарасазға барғанымда бізге қазақ әдебиеті мен қазақ тілінен сабақ берген Жалғас Келдібекова апайға бір соғатынмын. Оның өзіндік себебі, ұлағатты ұстаз, көненің көзі деп құрметтеуім. Жалғас апай әңгімені де жақсы айтатын. Оны сол кезде Энгельс атындағы колхоздың төрағасы болған, нағашым Кәкен Есмолдаевтың үйінде естігенмін.

Жалғас апай нағашымның замандасы, әрі жас жағынан қарайлас болды. Нағашым ол кісіні сыйлап, құрметтейтін. Бірде нағашым колхоздың жұмысы жайлы Әбдіқаштың тоғанының суының берекелі екенін айтқанда, Жалғас апай: – Сен Әбдіқашты білесің ғой, 1937 жылы мен мектепте 4-сыныпта оқып жүргенмінде ол кісі «халық жауы» болып ұсталды. Алдымен Ораз Жандосов ұсталғанын естідік. Одан соң «Екпінді малшы» деген газеттің 2-3 беттеріне «Жандосовтың жансерігі Бақтыбаев Әбдіқаш пен Кенеков Келеке ұсталды» деген үлкен мақала шықты. Мақаланы оқымадым, бірақ көрдім. Не үшін ұсталғандарын білмедік. Сөйтсе, Әбдіқаш Шалкөденің суын бұрып, егістікті суару үшін тоған қазған үшін сотталыпты деген сөздер ауыл ішінде тарады. Кейін сол тоғанның қызығын ел боп көрдік дейтін. Көп жыл өткен соң, Әбдіқаш ақталды», – деген-ді.

«Иә, бізде сол тоғанның берекесін көріп жатырмыз. Анау Шакрамбал сайының ауызынан мына Шибұт ауылының астын басып, Таласқа дейін қазылған тоғанның ұзындығы 15-20 шақырым келеді. Білетіндер тоғанды «Әбдіқаштың арығы» дейді, білмейтін бүгінгілер Белтоған деп айтып жүр. Колхоздың суармалы егісін суарғанда бір гектардан 60-70 центнер өнім алдық. Мұндай көрсеткіш республикада бұрын-соңды болмапты. Рекорд жасалды, колхоз еліміздің «Құрметті кітабына» жазылды!» – деп нағашымның мақтанышпен айтқаны бар. Ол жылдары нағашымның Қарасаз ауылының тарихына қолтаңбасын қалдырып, ірге тасын қалаған кездері еді. 1960 жылдары ескі «Энгельстен» ауылды осында жаңа қонысқа көшіріп, талай құрылыстың қазығын өз қолымен қаққан. Он-он екі жылда Елшенбүрек етегіне ақ шағылды үйлер бой көтерсе, үш қабатты мектеп пен Мәдениет үйін, Ұлы Отан соғысына қатысқандарға арналған ескерткіш, емхана, үлкен дүкен, гараж бен монша ауылдың сәнін кіргізген. Одан бері алпыс жылдан астам уақыт өтіпті. Өмірден нағашым да, Жалғас апай да кеткені болмаса, Қарасаздың келбеті сол қалпы. Ауылды көріп, оқушылық кездерім есіме түседі. Бұдан алты-жеті жыл бұрын апайдың тірі кезінде үйіне барып, сәлем бергенім бар. Апай келгеніме қуанып, орнынан тұрды. Жасы келген үлкен кісіге құшағымды ашып құшақтадым. Апайдың жүзі күлімдеп, амандық-есендікті сұрап жатыр. Көненің көзі болған ардақты ұстазым өткеннен әңгіме айтты.

– Сендердің оқушылық кездерің менің көз алдымда өтті ғой. Бәрің жақсы азамат болып өстіңдер. Сендерді әр қашан да еске алып отырамын. Өзіңмен бірге оқыған Нұрбатыр Орынбаев қандай еді. Көп жыл аудандық оқу бөлімін басқарды. Осындағы Мұқағалидың барлық шараларын қасында жүретін. Мұқағалидың әр мерейтойының жақсы өтуіне атсалысты. Жыл сайын ақынға арналған республикалық, облыстық, аудандық мәдени шараларды ұйымдастырды. Одан кейінгі қазіргі мектеп директоры Әділжан Нөкеев те қолынан келген жұмысты атқарып жатыр. Жасым 91-ге келсе, өзім оқытқан шәкірттерім есімнен кетпейді. Ауылдың ең үлкені деп ел сыйлайды. Өмірімде көп ауыртпалықты көріп өстім. 1923 жылы туғанмын, құжатта 1924 жылы деп кеткен. Кішкентай кезімде осы Қарасаздағы

Жалғас апай

байлардың кәмпіскесін де көрдім. Әуелі осындағы ірі байлар Әбдірешбай, Момбек, менің әкемді, әкемнің інісі Келдібайды ұстады. Әкемнің байлығы інісі Келдібайға қарағанда орташалау болатын. Інісі бай болды, еңбекқор еді. Әкем 1932 жылы ұсталып, бір жылдан кейін түрмеден шығып келді. Жылға жетпей 1933 жылы өмірден озды. Ашаршылық та елді оңдырмады. Ауылда ет салығы, жүн салығы көпке ауыр тиді. Үкімет тек сиыр мен қойдың етін алып, жылқысы мен түйеге тиіспеді. Ет салығын орындай алмағандар бір-бір жылқысын, не түйесін жетектеп, қой мен сиырға айырбастап, салықты төлеуге әрекет етті. Жүнді таба алмағандар текеметтің шала піскенін қолмен түтіп, соны өткізді. Біз кішкендай кезімізде бір үйге жиналып, талай рет текеметтің жүнін түткен күндерді бастан кешірдік. Одан кейін халық жауы деген желеумен не бір өкіметке берілген азаматтарды ұстап кеткен уақыт та елдің есінде қалды. Ұлы Отан соғысы да қиын тиді. Ол кезде мен 7-сыныпта оқыдым. Ауылдан майданға аттанғандарды жылап шығарып салдық. Солардың ішінде Мұқағалидың әкесі Сүлеймен де аттанған. Кейін 1942 жылы майданға өз қатарластарым, әрі көршілеріміз – Темірбектің Асанғазысы, Қамырдың Қанатайы және Сәрсебайдың Есенбайы да кетті. Бұлардан басқа Дәуренбекұлы Жұмабек, Дәуқабақұлы Қасым, Жаңбыршыұлы Құсайын, Атакелдіұлы Зарып, Мұқанұлы Қасым, Өмірзақұлы Бақымет, Бөкеев Айжан сияқты өрімдей жастар майданға алынды. Кейін білдік, Қарасаз ауылынан 132 адам майданға аттанып, 83-і соғыстан оралмапты, 50 азамат туған жеріне келіп, отбасымен қауышты. Солардың құрметіне Мәдениет үйінің алдына алып ескерткіш қойылды. Тірі келген майдангерлердің ішінде қазір тірі жүрген Қанатай ғана, – деген апайымыз сол жолы Мұқағали туралы да айтып еді.

– Мұқағали соғыс басталғанда он жастағы бала болған. Өзінен кейінгі Тоқтарбай мен Көрпеш тым жас еді. Анасы Нағима да ауыр күндерді біздің шешелерімізбен бірге көрді. Нағима апа мен Тоқтарбайды, Көрпешті сен де көрдің. Ауылда еңбек етті. Сөйткен Тоқтарбай анасымен біздің көшенің жоғары жағында тұрса, одан әріректе Көрпештің үйі болды. Көшеміз Мұқағалидың атымен кейін аталды. Соғыс жылдарының қиын кезін Мұқағали өлеңдерінде аз жазбаған. Өлеңінің бәрі өмір. Оның керемет ақын, ерекше таланттығы жөнінде өмірден өткеннен кейін білдік емес пе?! Ұмытпасам Мұқағалидың 60 жылдығынан кейін болу керек, бір күні аудан әкімшілігінен бір адам келіп:

– Сіз Мұқағалиға әдебиеттен сабақ берген мұғалімді білесіз бе? –деп іздеп келіпті.

– Алматыдан бір әйел әкімге телефон соғып, «менің еңбегім бар, неге ескермейсіндер. Мұқағалидың мұғалімі болғанмын, – деп ренішін білдірген - деді. Мен: «Реніші дұрыс, ол рас. Оны іздеңдер, ол әйелдің айтқаны тура. Жалаңаштық Аужан Ниязбеков деген қазақ әдебиеттанушы болды. Руы қызылбөрік болуы керек. Аужанды мен Тургеннің педучилищесінде оқығанын білемін. Бізге қазақ тілінен сабақ берді. Сабақты өте жақсы түсіндіретін, білімді кісі еді. Сол Аужанның қарындасы бір жылдары Мұқағалиға сабақ бергенін айтқан болуы керек. Жақсы мұғалім қашан да баланың жан дүниесін түсінеді. Сіздерге сол кісі хабарласқан. Әйелдің атын ұмытып қалыптым деп жауап бердім. Бұдан кейін ол әйелді ешкім іздемеген болуы керек. Іздеп тапса, «Мұқағалидың мұғалімі» деп газет-журналдарға шығарар еді. Және де мұқағалитанушылар да оны іздемеген. Бұл әңгіме менімен біткен сияқты. Оны аудан әкімшілігі менен сұрағаннан кейін ары қарай қозғамаған тәрізді.

Соғыс жылдарында мен 9-сыныпқа сабақ бердім. Мұқағали да оқыды. Оның бір сары ала тоны болғаны есімде. Ұмытпасам ол «Сара ала тон» туралы жазғаны да бар. Ол өлеңді оқып отырып, есіме сары ала тоны түскен. Тонды Мұқағали жіппен байлап алатын. Ол белгілі жағдай. Қарасаздың қыстағы аязы қатты екенін сен де көрдің. Шығыстағы Тұзкөл жақтан соққан ызғырық желі, батыстағы Кеген жақтан соққан желі бет қаратпайтын. Оны Мұқағали өлеңдерінен табуға болады. Соның бірі «Қара қамба» деген өлеңінде де кездестіресің. «Қара қамба» Құрманбеков Ермекбай деген баланың әкесіне арналған деп ойлаймын. Ермекбайдың Жұматай деген шешесі бар еді. Әкесі Құрманбек соғысқа барып келіп, колхозда қара қамбаны ұстады. Оның қара қамба деп атануы қара кірпіштен жасалып, сырты ақталмай тұрғандықтан қара қамба деп кеткен. Қазіргі гараждың орнында мектеп болды. Қамба мен мектептің арасында біздің үй тұрған. Мектептен ескі «Энгельске» кететін жол өтеді. Ал Құрманбек деген кісі соғыс жылдарында ауылды асырап шықты десем артық емес. Түгіміз жоқ дегендерге қамбадағы тұқымдық астықтан уыстап беріпті. Құрманбектің фамилиясы Бексеріков. Бұл жерде кейбіреулер менің әкем қамба ұстаған, соны жазған деп айтып жүр. Ол рас. Соғыстан кейінгі жылдары ескі Қарасазда кейбір кісілер қамба ұстады. Бірақ Мұқағалидың «Қара қамбасын» соғыс жылдары ұстаған Құрманбек Бексеріковке тиселі. Мысалы ол өлеңді оқысаң, соғыс жылдары есіне түседі.

Әлі менің есімде қара қамба,
Қарның тойып қалатын
қарағанда.
Жеткізе алмай тұрса да
әр адамға,
Әбіжауһан болатын балаларға.
Шұрқырасып сабақтан
тарағанда,
Ішімізді аш тазы жалағанда,
Өкпемізді қолға алып
жетуші едік,
Ашық тұрса аңқайып
қара қамба.
Жаңа келген мүгедек
қамбашы ата,
Бастығынан жарлықты
алмаса да,
Қалтамызды арпаға
толтыратын,
Қабымызға шелектеп
салмаса да.
Қарып тұрған қаңтардың
суығында,
Тоюшы едік қайнақ су,
қуырмаға.
Қосымыз түзелгендей көрінетін,
Қисайып пәс-пәс қалған
жығылуда.
Қарық қылмай тұрса да
қара нанға,
Қара қамба құт еді балаларға.
Әкеміз тірілгендей қуанушы ек,
Аузы ашылып тұрса егер
қара қамба,

– деген өлең жолдары осыны растайды.

Соғыс біткеннен кейін ауылда 10 жылдық болмағандықтан Әділ мен Мұқағали және Әбдіке үшеуі Нарынқолда жатып, мектепті бітірген. Әділ Кенжебеков ағайың сендерге биология пәнінен сабақ берді емес пе? Бір көзі аздап шатырайып тұратын. Оның себебі соғыс жылдары мектептің балалары колхоздың жұмысына араласты. Сонда бригадир оны қамшымен ұрған

МҰҒАЛІМІ

Тоқтарбайдың үйі

деп естідік. Әбдіке Асанов та жоғары оқу орынды бітіріп, математикадан сабақ берді. Мектеп директоры одан соң, Мұқағали мұражайының директоры болып жұмыс істеді.

Ғұмырым осында өткендіктен, ауылдың тыныс-тіршілігін жақсы білгендіктен, Мұқағалидың балалық шағы көз алдымда өтті ғой. Оның даңқы асқақтағанда алдымен мектепте, кейін бөлек мұражай жасау керектігіне бастама көтергенбіз. Мұражай алдымен мектепте болды. Арнайы бөлмені жабдықтап, Мұқағали мұражайын жасадық. Кейін біздің үйге жақын, көшенің арғы бетіндегі колхоздың кеңесінің қасындағы бір үйді мұражай жасауды жоспарладық. Оны аудан мен облыс басшылары көріп, ойларынан шықпады. Осыдан кейін қазіргі мұражайды жасауға жоғары жаққа ұсыныс жасадық. Ұсынымыз қабыл болып, жаңа мұражай салынды. Мұражайға Мұқағалидың мұраларын жинау, жәдігерлерін іздеу жұмыстарына қатыстым. Жастарға ақыл-кеңесімді беріп те жүрдім. Сол жылдары колхозды басқарған Тұрсын Шорманов және мектептің директоры Нұрлан Артықов менің қоғамдық жұмысқа белсенділігімді және Мұқағалиды насихаттаудағы еңбегімді жоғары бағалап, бір топ оқушылармен бірге 6 күнге демалыс үйіне демалуға жіберді. Бұл мен үшін құрмет болды. Ал жаңа мұражай салу жұмысына аудан әкімдері — Бақыт Оспанов, Бағжан Сабаншиев және Қаhарман Күдеров сияқты азаматтар қашан да көмегін беріп тұрды. Облыс әкімі де мұражайды назарында ұстап, қол ұшын берді. Жаңа құрылыс тез бітіп, оның іші Мұқағалиға қатысты жәдігерлермен толықты. Жаңа мұражай біз үшін емес, бүкіл елдік мұражайға айналды. Бұл Мұқағали поэзиясының құдіреттілігінен. Ауылдың кез келген баласы ақын өлеңін жатқа айтуы да ақынға деген сүйіспеншілікті білдірсе керек. Сендер оқыған жылдары Мұқағалиға мұндай құрмет болмады. Өйткені ол әлі оқырмандарына танылып үлгермеген болатын. Және де ол жылдары Мұқағалидың талантты қанаттанып, жаңа таныла бастаған. Сол талант биіктеп, осы дәрежеге жетті», — деген-ді. Жалғас апайдың сол әңгімесі ешқашан ұмытылмастай есімде қалды.

Одан бері біраз жыл өте шықты. Соңғы жылдары Қарасазға бір барғанымда мұражайдағы Мұқағали тұрған үйдің шағын макетін көріп, есіме ақын ағамыздың інісі Тоқтарбайдың үйі түсті. Тоқтарбайдың үйі нағашымның үйінен онша алыс емес, келесі көшеде болатын. Есіктің алдында шыққанда, не терезеден Тоқтарбайдың шағын үйі көрінетін. Есік алдында Нағима апайды, Тоқтарбайды да көріп қалатынбыз. Кейде сол көшемен жүргенімізде Тоқтарбай ағаны кездестіріп сәлем беретінбіз. Мұражайдағы макетті көргеннен соң, Мұқағалидың інісі Тоқтарбайдың тұрған үйін көрейін деген ой туды. Себебі, көп жыл Нағима апа Тоқтарбайдың қолында болып, Алматыдан Мұқағали сол үйге түсіп, сол үйден аттанатынын ауылдағылар айтып жүретін. Яғни, ақын ауылға келгенде аунап-қунап жататын үйі Тоқтарбайдыкі. Сол үйді көрдім.Үй иесі үйді Тоқтарбай сатып алғандығын айтып, ішке кіргізді. Шағын кішкентай үйдің сырты баяғы бала кезде көрген қалпынан өзгермепті. Именіп ішке кірдім. Кіреберіс аяқ киім тастайтын есіктен үйге кіргенімде шағын екі бөлмелі болып шықты. Есіктен кіргендегі бөлме кішірек, от жағатын пеш бар екен. Терезесі көше жаққа қарапты. Екінші бөлме үлкендеу, терезінен Елшенбүйрек тауы көрініп тұр. Кезінде ақын ағамыз үйім деп келіп демалатын Нағима анасының үйі өте қарапайым. Аядай ғана екі бөлмелі үй. Неше бір керемет жыр тудырып, шабытына шабыт берген қасиетті мекен. Себебі Мұқағали 1960 жылдардан бастап, 1970- жылдары керемет жырлар мен дастандар жазуына себепші болған осы үй екені даусыз. Мұқағали Алматыдан Қарасазға аңсары ауып келгенде осы үйде анасы мен бауыры Тоқтарбай қарсы алып, сағынштары мен қуаныштарын бөліскені анық. Бұл үйді көріп, 1960 жылдардың ішінде ескі «Энгельстен» бұзып, осында көшіріп әкелген үй ме десем, мұражайдағы макет келіңкіремейді. Сонда бұл үй ұлы Мұқаңның ұшқан ұясы, құт мекені екені рас.

Жексен АЛПАРТЕГІ

Мұқағали МАҚАТАЕВ

Ғашықпын

Ғашықпын! Шын ғашықпын сол адамға!
Мен болмасам, болмайын. Сол аман ба?!
О, тәңірім! Неткен жан қайрылмайтын!
Жүрегі еттен бе әлде қоладан ба?!

Ғашықпын. Қайтіп оны жасыра алам,
Бір алтын оның әр тал шашы маған.
Сағынайын, таусыла сағынайын,
Сағынышқа жаралған ғашық адам.

Шарықтап, қолым жетпес көкте Күнге,
Ақ қанат құсым менің кеткенің бе?
Шарқ ұрып бар ғаламды шыр айналып,
Мәңгілік сені іздеумен өткенім бе?

Сарғайған сағынышты басып толық
Бар үміт, бар сенімді шашып болып
Өтермін сірә да мен бұл өмірден
Мәңгілік қалармын мен ғашық болып.

Фаризаға

Фариза!
Фаризажан, Фариза-қыз,
Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.
Шыдай-шыдай ақыры жалығармыз,
Біріміздан біріміз арылармыз.

Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,
Шаң басқан архивтерден табылармыз.
Сен мені білесің бе, білесің бе?
Жаралмаған жан екем күресуге.

Жылай жүріп, өтірік күлесің де,
Жүресің де қоясың, жүресің де.
Бірі итеріп кеудемнен, бірі шалып,
Тастағысы келеді күресінге.

Фаризажан, сен соны білесің бе?...
Жанарымды тұманмен тұмшаладым,
...Серіппесі үзіліп тұр садағым.
Жігітінен қазақтың дос таба алмай,
Қыз да болсаң мен саған мұң шағамын.

Ауырлар деп ойлап па ем мұнша халім...
Ақын болып несіне жаратылдым,
Арасында қап қоймай қара түннің.
Қасиетін сезем деп Ана тілдің,
Қауырсыны қалмады қанатымның.

Қу тірлікке құл болып, аяң басып,
Құлашымды жая алмай баратырмын.
Момын едім, жақсы едім, ұяң едім,
Аттап өттім олардың қия белін.

Енді, міне, қауқарсыз құр ашуды,
Жия бергім келеді, жия бергім.
Маңдайымнан сипаған бір жан болса,
Енді қалған өмірімді қияр едім.

Білмеймін, бұзықпын ба, жындымын ба?!
Кеп тұрады тілегім мұңды-мұңға.
Енді қалған өмірдің құрдымында,
Өлтірсе де көмбеймін жырды құмға!

Нөл болады деп айтам, жалтармаймын,
Көбейтсең де қаншама мынды-мыңға...
Айналаға қарайық анық барлап,
(Түн кеткесін, күн шығып, жарық болмақ),
Не туралы жырласақ, Фариза-қыз,
Бағыштайық бәрін де халыққа арнап.

Фариза, Фаризажан, Фариза-қыз,
Біріміздан біріміз арылармыз.
Том-том болып дүкенде тұрмасақ та,
Подвалдағы архивтен табылармыз...

Үш бақытым

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын,
қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.
Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.
Түтін түтет,
Өс, өрбі, көгере бер,
Немерелер көбейсін, шөберелер.
Жадыңда ұста :
Жақсылық күтпегейсің!
От емес, оқ сұрасаң менен егер!
Үш бірдей бақытым бар алақанда,
(Мені мұндай бақытты жаратар ма?!)
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

Сенің көзің

Сенің көзің түпсіз терең тұңғиықтан жаралған,
Сонда жатыр менде жүрген орындалмас бар арман.
Сенің жүзің көкте күннен, жерде гүлден нәр алған,
Шашың сенің – жан баспаған жапандағы қара орман.

Қас-кірпігің қарлығаштың қанатындай қап-қара,
Үлбіреген жүзің сенің ақ жібек пе, мақта ма?!
Әсем-басың әп-әдемі, мүсініңе шақ қана,
Шиедейін еріндерің қызарып тұр шоқтана.

Толықсыған тұла бойың шыбық па екен, тал ма екен,
Бейнең сенің баяу атқан жазғы шұғыла таң ба екен,
Күлкің сенің шашылған нұр, сезің кәусар, бал ма екен,
Бұл ғаламда сенен артқан, сірә, біреу бар ма екен!?

Бұл ғаламда сенен артқан жан бар деуге сепбеймін,
Сен солайсың, Ләйлім менің, сенбе маған, сен мейлің.
Бұл ғаламда сенен артқан бір жан болса егерде,
Өз көзімді өзім оям, оны мәңгі көрмеймін.

Зәмзәм суы сенен арзан, тата алмаған кәусарым,
Сенің әсем мүсініңді сөзбен қалай таусамын?!
Мың Мәжнүн мендей, сірә, тебіренбеген шығар-ау,
Аппақ құсым, қайдасың сен? Аңсадым-ау, аңсадым...

Әке

Әке, сенің жасыңнан асып барам.
Кезі-кезі келгенде тасып та алам,
Кезі-кезі келгенде жасып қалам,
Мына өмірге, бәрібір, ғашық балаң.

Құры алақан емеспін қуаныштан,
Қуаныштар алдымда құрақ ұшқан.
Бір арыс тан өмірден өткенімен,
Өмір сүріп келеді тірі арыстан.

Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,
Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын.

Торегали КАЗИЕВ:

ЧТО ЖДЕТ РК В УСЛОВИЯХ БИОЛОГЧЕСКОЙ, «ГИБРИДНОЙ» ВОЙНЫ

Прошедший 2020 год в истории останется роковым.
Этот сложный, переломный, высокосный год примечателен появлением не только «биологической войны», но и неприкрытой «холодной войной» между двумя сверхдержавами – США и Китаем, не говоря о санкционной войне Запада и России. И по многим признакам, великие потрясения в виде «биологической», «гибридной», «холодной», экономической и другой войны усилятся в ближайшем будущем.
Мы были свидетелями проявлений «биологической» войны во многих странах, многотысячных митингов в Беларуси, штурма «зимнего» дворца в Бишкеке, войны в Карабахе, штурма Капитолия сторонниками Трампа, митингов в России и т.д.

3 февраля состоялось заседание Совета Безопасности РК под председательством Первого Президента РК – Елбасы Нурсултана Назарбаева. «По оценкам аналитиков, мир идет к новой биполярности. Это означает ужесточение борьбы не просто в отдельных сферах, конкуренцию и модели развития, по сути, мы вновь возвращаемся к битве идеологий, второй версии холодной войны... Мы, как государство и единая нация, подошли к переломному этапу. Своеобразным водоразделом стала пандемия коронавирусной инфекции. Она окажет влияние на все предстоящее десятилетие. Уже сегодня происходит трансформация традиционных вызовов национальной безопасности, возникают новые ассиметричные и гибридные угрозы», – сказал Елбасы.

В таких сложнейших условиях международной обстановки, распространения вируса и «дуги нестабильности» не может не беспокоить судьба нашей страны. На таком фоне пойдет наш разговор с исследователем-писателем Торегали Казиевым с его политическими прогнозами.

Уцелеют ли США, Россия, Казахстан и другие государства в XXI в.? Это основной вопрос современности, на который Торегали Абдуллаулы постарался ответить.

Торегали Казиев не устает повторять: «На планете только три государства занимаются системным изучением истории, своей и мира – США, Великобритания и Израиль. Потому и командуют миром они, т.к. разбирают достижения и ошибки деятелей прошлого, просчитывают варианты событий и строят свое настоящее и будущее с учетом опыта своего народа и всего человечества».

Действительно, оценка обстановки в мире – это основа стратегии и тактики любого государства. Или как говорит исследователь-писатель: «Проводи в жизнь вариант будущего, где есть учет интересов и ценностей твоего народа и государства!»

Такое неординарное и прогнозное видение истории страны – как по матрице выводить события современной жизни – было основой для нашей беседы с писателем. О видимых и невидимых «нитях» международной политики и экономики через призму своих прогнозов.

Торегали Казиев – автор книг «Акбулак – прародина скифских царей», «Периферия», «Сердце Мира», «Айналайын, Акбулак», «Триумф Казахии», «Казах держал на плечах Небо», «Во главе Великой Сарматии», «Сапара Матенкызы – казахская Жанна д Арк». К сожалению, книги Казиева изданы маленькими тиражами. К тому же некоторые книги изданы на средства автора.

В ПРОГНОЗАХ НЕТ МИСТИКИ

– Торегали Абдуллаулы, вы занимаетесь политическими прогнозами. Что лежит за ними – мистика, предугадывание, «теория заговора», глубокий анализ?

– В деле прогноза нет мистики – просто нужно внимательно смотреть и осмысливать, куда движется мир. Кто, как и куда движет этот мир. Исполнение вариантов будущего во многом зависит от осмотрительности, обдумывания, стратегии, воли и деятельности самих людей... Представьте, что едете по дороге, смотрите вперед и оцениваете ситуацию – также получается и с тем, что происходит в мире и в стране...

А ведь тому, кто внимательно смотрит новости, наяву видны даже международные согласования кандидатур на высшие посты, их утверждение, предбанники перед восхождением и т.д., хотя таковых слов перед СМИ обычно не произносят. Например, через время после своего избрания глава РФ сделал визит в Лондон, где его встретил ослепительный прием – признали его, значит, тогда брокеры мирового консенсуса!..

Бывали там и наши степные деятели. Есть и другие индикаторы, на которые многие не обращают внимания. Не хотят иногда люди знать, что будущее программируется самими людьми! Считают в большинстве совпадением обстоятельств и т.д. Абсолют же дал людям мозги, дух, душу и волю для самостоятельной жизни, но в рамках закономерностей всеобщего времени и пространства.

– Вы и раньше занимались прогнозами?

– Да. К примеру, приход Путина я прогнозировал за полтора года до того, как он стал во главе РФ – когда рассмотрел топ-20 тех, из кого выбирал преемника президент Ельцин. Также за полтора года сказал о будущем назначении Назарбаева на должность первого секретаря ЦК Компартии Казахстана...

И то предсказывал просто, что свалят СССР сами москвичи, ленинградцы и свердловчане, а не республики с периферии, кажется, летом 1986 г. сказал об этом, т.е. за 5 с лишним лет до того, как случилось это событие в 1991 г. Предугадал, по каким причинам закончится конфликт на Северном Кавказе (в Чечне) – налицо тогда стояло религиозное расхождение между кавказцами и внешними спонсорами...

А сегодня наступает время возможных небывалых перемен на планете, когда прежние правила рушатся, и необходимо очень ответственно жить народам и государствам, чтобы уцелеть. Т.е. пришло время политических прогнозов.

Питер Брейгель. Большие рыбы поедают малых

> **«Никого в мире не считая врагом, умело защищать национальные интересы и ценности»**
>
> *(кредо Лидера нации Нурсултана Назарбаева)*

– Какой сбывшийся прогноз вы можете отметить?

– В своей книге «Сердце Мира» в 2013 г. писал: В казахской (тюркской) древности был Совет Биев и по преданию Майкы Би Первый, живший задолго до н.э., лично сам поднял 9 ханов Турана, в том числе первого собственно казахского хана – Алаша хана Первого. И опираться этот Совет должен на реальную силу. И на странице 600 моей книги написано: «Самый плавный путь – наделение Лидера Нации полномочиями Председателя Высшего Совета Нации, который предстоит создать, с приданием соответствующей структуры, пронизывающей страну от аульных аксакалов до самого верха и с мозговыми центрами. Тогда голос нации будет слышен всегда... И чаяния народа – претворяться в жизнь на более высоком и качественном уровне».

В главе «Что нужно для преемственности стратегии?» говорилось о том, что «стратегия – постоянное возобновление свободы и независимости нации и государства». Эта стратегия в нашей стране концентрированно выразилась в принятии предложенной Нурсултаном Назарбаевым идеи «Мәңгілік Ел» («Вечная Страна»).

– Что-то подобное произошло 19 марта 2019 г...

– Да, это произошло на самом деле – переход первого президента нашей страны на пост председателя Совета безопасности, о чем писал еще в 2013 г.! О том, что Лидер нации станет председателем Совета безопасности /Совета нации и окажет необходимую помощь второму президенту, как это и происходит в настоящее время, – об этом свидетельствует моя книга «Сердце Мира». Для преемственности стратегии, кстати, необходимо иметь второй внутренний контур в стране, чтобы кто-то из избираемых новичков не погубил государство, за которым следуют трагедии народа.

НА ИЗЛОМЕ ИСТОРИИ: КОРПОРАЦИИ ПОЕДАЮТ ГОСУДАРСТВА

– Первая мировая война убрала с арены мировые империи, монархии, вторая мировая война привела к ослаблению ряда стран и усилению корпораций и т.д.

– Вообще, транснациональными компаниями (ТНК) давно поставлена задача постепенного демонтажа даже самого института государства... ТНК, видимо, хотят напрямую управлять экономиками, политиками и культурами во всех точках земного шара, без «мешающих» им посредников в виде государств! А государство ведь есть инструмент существования культур народов – что с ними-то будет? «Исчезнут, станут на одно лицо!» – чего не хотят допустить (как будто) на словах и деятели почти всесильного «Римского клуба», продвигающего мир как раз к сегодняшнему положению. Они же пишут об этом в своих публикациях, хотя там же они продавливают и идею ограничения прав института государства, якобы мешающего благостному прогрессу и планетарной экологии! Куда же движется теряющая нравственные ориентиры планета?..

– Что говорит «гороскоп», «цифровой» прогноз?

– Наступающий 14 марта (по степному календарю) 2021 г. по многим признакам напоминает 1913 г. – преддверие первой мировой войны. Информация для размышления – печальная и символически знаменательная... Прошло с тех пор 108 лет – 9 двенадцатилетних циклов! 1913, 1937 и 2021 – годы молочной коровы, когда идет налив, накапливается продукт перед мощными потрясениями... Умен – стараешься не допустить надвигающихся катастроф. Бездумен – надеешься на авось или даже совершаешь непоправимые ошибки, ведущие к краху... Как помните, через два года после 1937-го (семь 12-летних циклов!) – в 1939 г. началась вторая мировая война...

В 2023 г. исполняется 300 лет или 25 двенадцатилетних циклов одному из самых трагических годов в истории казахского народа, названного годом «Великого бедствия» – Ақтабан шұбырынды. В том 1723 г. состоялось джунгарское нашествие, в результате которого погибло около половины степного населения, оказавшегося не подготовленным к обороне. Обстановка в мире сейчас такова, что в любой стране нужно быть готовым ко всему...

...То есть о вариантах возможного будущего знать нужно всем.

– Многое зависит от США. Что будет в Америке?

– В США уже несколько десятилетий назад сломался механизм согласования между двумя преж-

ними гегемонами сил, местными производственниками и мировыми финансистами. Дело в том, что раньше капитализм основывался на производстве, которое давало прибыль, и капиталист-производственник с банкиром находили общий язык. Затем финансисты научились делать очень большие деньги без участия производственного капитала, и возник большущий разлад.

А с 2016 г. эти два экономико-политических гиганта перешли к недозволенно жестким методам взаимного противоборства, увлекая за собой массы людей. При том, что над ними обоими нависает уже новая мощная сила, назовем ее условно «новыми технологами» или «цифровиками», захватывающими власть плавно, без шума и пыли над всей (!) планетой, и может настать день, когда им ни те, ни эти не будут нужны...

– Говорили даже о возможности в США гражданской войны, революции...

– Да, январь 2021 г. показал даже возможность революции в США со всеми ее трагическими последствиями для всего мира. Будет она или не будет, зависит, конечно, от самих американцев, но сам ветер истории переменился вдруг на 180 градусов – ибо США есть пока государство-гегемон и управляет этим миром, а в нем такая революционная ситуация!.. Разлом, раздор ориентации, всеобщие драки, междоусобица, увлекающая за собой остальных... Ведь резко обостряется и международное противоборство, в первую очередь в кругу супердержав: США, Китая и России...

Пожелаем народу США и всем народам мира с честью преодолеть сегодняшние трудности!

РОССИЯ И ГЕРМАНИЯ НЕ ДОЛЖНЫ БЫЛИ ВОЕВАТЬ

– Что происходит в России в историческом контексте?

– ...В начале XX в. Россия имела 170 млн населения и по этому показателю уступала только Китаю и Индии, имея все возможности к началу XXI в. достичь 800 млн и продолжать находиться на третьем месте на планете (сегодня 146 млн – 9-е место). Доля в мировом производстве в начале XX в. равнялась 8%, что вчетверо больше, чем сегодняшняя доля, и потенциал роста России очень тогда пугал соперников на Западе...

Пугались тогда многие конкуренты и бурного развития Германии, которую они хитренько подтолкнули к авантюрам: «...ее руководители оказались политическими карликами и не захотели дожидаться превращения Германии в главную страну Европы», – писал Киссинджер о фактической судьбе Германии в XX в. (кн. «Дипломатия»).

Факт состоял в том, что правящие круги этих двух государств, Германии и России, поддались подначке внешних манипуляторов, стали воевать друг против друга в двух мировых войнах XX в. и уничтожили в боях самые активные поколения граждан своих стран!

А какая ведь оптимальная историческая судьба ожидала оба эти государства в XX в., если бы только не поддались они подначке конкурентов, например, в 1913 г., и не включились в первую мировую. Почитайте источники, там пишут, что ни у Германии, ни у России не имелось никаких (!) серьезных причин воевать друг против друга! А в 1920 и в 1930 гг. США очень помогали и Германии, и СССР развивать военную промышленность! Чтобы повысить коэффициент взаимоуничтожения живой силы...

– Если в США в 30-ые гг. случилась Великая депрессия, то в СССР – голодомор. Это ошибки или предательство? Исполнение перспективного плана планировщиков-конкурентов?

– Мало того, манипуляторы еще разожгли гражданскую войну в России, голодомор в СССР 1921 и 1930-х гг., репрессии и даже «мирное» фактическое уничтожение 300 тысяч российских деревень путем отправки молодежи на целину и комсомольские стройки – вопрос подрыва демографического потенциала стран решили сами руководители СССР... Ошибки или предательство? Ничего личного – конкуренция государств есть всегда, и потому держи ухо востро.

Сегодня в России 146 млн человек населения, отрицательная демография, сырьевой характер экономики, упадок науки и образования, медицины, бегство населения из многих регионов поближе к столицам, в т.ч. из Дальнего Востока и Сибири, и только наличие ядерного потенциала предотвращает пока судьбу индейцев для жителей стран бывшего СССР. Видимо, ядерное оружие здесь гегемон оставил для удержания в равновесии восточного дракона. Но полмира все еще с надеждой глядит: когда же элиты северного гиганта – объективного щита половины мира – возьмутся за ум? Объективно – удерживающие, фактически бегающие от одной авантюры к другой!

ЗАЧЕМ РАСПРОСТРАНЯТЬ ПО СМИ ВИРУС МЕЖДОУСОБИЦ?!

– Что в итоге?

– В XX в. первый ход внешних конкурентов: в 1917 г. сделали богатства ничьими. Второй ход: в 1991 г. забрали те богатства себе, сделав остатки населения обслугой трубопроводов. Третий ход готовится с тех же 1990-х и может начаться весьма скоро...

Как раздерутся постепенно все постсоветские республики и народы начнут захлебываться в гигантской междоусобице. Как поперебивают друг друга, перенесут, видимо, резиденцию манипуляторы из поднадоевшей свободной Америки сюда в авторитарную Евразию, где люди привыкли не разевать рта перед начальством. К тому же изменение климата вносит свои коррективы в худшую сторону. Будет какой-нибудь царь Ирод править миром отсюда. Один из вариантов плана, то есть будущего. В запасе у умеющих планировать, есть, конечно, и другие заготовки.

...На наших глазах сегодня происходит трагедия братской Украины. Вчера еще, до 2014 г., цветущая и развитая во всех смыслах страна с 52 млн человек, и ожидала ее райская судьба – живи, трудись, плодись, будь в ладу со всем светом!.. Но как только захотели люди перейти в другой лагерь-союз, в НАТО, то... потеряли немалую часть территории и больше четверти населения!

О том же сияющем огнями лагере-яхте «золотого миллиарда» мечтали и россияне в 1991 г., и Б.Н.Ельцин перед избранием главой государства писал: «...жить, как на Западе, очень хочется»! Но не приняли тогда янки на сияющую яхту, а теперь россиянам братцев-украинцев как бы неохота и жалко стало туда отпускать – воевать друг против друга стали, под радостное подзуживание конкурентов славян... То ли еще будет, если разгорится мировая склока?! Раздерут на многие клочки...

– Все это было по сценарию?

– План же по дербанизации славянских стран, и не один (!), имелся в западных кругах давно и объективно деятельность «элиток» обеих братских государств выглядит и как тихонькое, хитренькое, такое лакейское исполнение тех планов по приказам заокеанских/островных обкомов... Сначала Запад бомбил Югославию, затем свои стали драться на Украине, затем... Россию и других раскачать планировали – в открытой печати все есть... Перебранки с прибалтийцами, передербанки в Молдавии, Грузии... Даже армяно-азербайджанский конфликт, оказывается, очень к выгоде Западу в связи с иранскою проблемою... Систематика.

– Вы хотите сказать, что на системной основе устроили все последние конфликты в республиках бывшего Союза?!

– Только в 4-х из 15 постсоветских государств спокойствие и порядок, в т.ч. у нас, и вдруг в декабре 2020 г. по инициативе трех знаменитых авантюрами российских депутатов начинается какая-то непонятная пропагандистская компания, задевающая наш миролюбивый и всем желающий только блага Казахстан? Неужели это в русле тех же грандиозных планов междоусобизации постсоветского пространства?.. В исполнении «спящих» глубокого залегания, «агентов влияния» международных конкурентов и т.д. и т.п.?

Вспомнилось тут, что в прошлом году большая часть российских СМИ (в т.ч. государственных) набросилась с обвинениями на руководство Беларуси, поддерживая путчистов, захотевших скинуть законно избранного президента Лукашенко, своей многолетней деятельностью показавшего себя лучшим союзником и другом России и всего российского народа!..

Теперь нападки и на нас, таких же союзников, живущих издавна по принципу «сосед – ближе дальнего родственника»! Ведь мы – союзники по ЕАЭС, по ОДКБ и другим объединениям, между нами нет причин для раздора, земли у обоих хватает, границы определены договорами, народы наши относятся друг к другу как хорошие соседи и товарищи, отцы и деды вместе воевали против фашизма, что под Москвой в 1941 г., что при взятии Берлина в 1945 г. Под Москвой отличились панфиловцы, а первыми флаг над рейхстагом 30 апреля 1945 г. подняли лейтенант Рахимжан Кошкарбаев и рядовой Григорий Булатов!.. Братская дружба, подкрепленная пролитой на фронтах кровью...

По ходу жизни, конечно, могут возникать какие-то недостатки, можно же дипломатически объясниться, разрешить противоречие, а не смешить весь свет перебранками...

Зачем распространять по СМИ вирус междоусобиц, кои наносят вред всем постсоветским народам и государствам? В такие сложнейшие времена истории человечества?

СИТУАЦИЯ КАК ПЕРЕД ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНОЙ

– Что происходит сегодня в России?

– Сегодня в России происходят очень неоднозначные события. 23 января 2021 г. во многих городах РФ прошли митинги и шествия в связи с делом Навального, имеющие явную поддержку из-за рубежа... Раскачка... Оркестр разлада пашет – «Наполеона» из Германии привезли!.. А у нас есть другой «Наполеончик» – он тоже вирус «демократической митингизации» распространяет, только из Франции...

Прошло несколько дней после навальных митингов, и 27 января президент РФ Путин В.В. выступал онлайн перед участниками Давосского форума с очень хорошей речью и сказал, что сегодняшняя ситуация в мире напоминает ту, что была перед второй мировой войной. И что ситуация чревата разрушением традиционных ценностей, очень дорогих россиянам...И нужно пытаться выработать общие подходы, чтобы восстановить устойчивость мира...

Как известно, казахстанцам также дороги традиционные ценности.

(Продолжение на 12 стр.)

Торегали КАЗИЕВ:

ЧТО ЖДЕТ РК В УСЛОВИЯХ БИОЛОГЧЕСКОЙ, «ГИБРИДНОЙ» ВОЙНЫ

(Начало на 10-11 стр.)

Получается, что «наполеончики» против обеих наших стран действуют, они разжигают вирус митингизации, и грязную борьбу против традиционных ценностей, в т.ч. «против уята», и теперь объединились со «спящими» из российских депутатов, разжигающих вражду между братскими народами? Ничего себе ко-а-лиция!

Неужели и вправду эти глашатаи цветных революций – одного поля ягоды?.. ЦРУ-ишники?..

Пожелаем дружественному российскому народу поскорее найти лучшие пути урегулирования возникающих проблем, взаимопонимания и благополучия!

– Что будет с Китаем?

– Стратегически конфликт между США и Китаем в XXI в. неизбежен, поскольку бурно растущая КНР наступает США на пятки, а отдавать жезл гегемона планет кому-либо американцы не собираются. Особенно ярко выразилось это при президенте Трампе.

Тактически при новом президенте ситуация может как бы и поменяться. Предлагал же президент Обама «поделить мир» на двоих, как при жизни СССР. Тогда китайские товарищи не согласились, так как понимали, что сие ненадолго и с ними произойдет то же самое, что случилось с СССР.

– И какие ваши прогнозы?

– Что будет сейчас, также имеет много вариантов. Один из них – повторение вариантов XX в., т.е. стравливание гегемоном разных стран друг на друга, а самому пожинать урожай, как и получилось в XX в. – жезл гегемона сам упал США в руки!.. То же самое ожидается в XXI в. Правда, в 1991 г. у СССР не нашлось ни одного генерала, бросившегося защищать свою Родину, а в Китае такие генералы, возможно, найдутся...

Вопрос в том, что при решении проблем с Китаем США неизбежно разворошат всю Южную и Восточную Азию с ее 4 миллиардами населением и сотни миллионов человек хлынут в Европу и Северную Евразию. Где на пути только российские Дальний Восток и Сибирь, а от Алтайского края до Каспия и Волги – один Казахстан.

И какой бы режим не царил в России, красный, белый, синий или они все вместе, или даже режим какого-нибудь приезжего царя, всем им выгоднее желать только одного: чтоб казахи показали себя такими же крепкими, как гвардейцы-панфиловцы под Москвой в 1941 г.! Как солдаты и офицеры 150 гвардейской дивизии в Берлине в 1945 г.! Принцип – защищая себя, защищаешь и соседа.

К масштабным заварухам Восточная и Южная Азия движутся скоро, так как завет Дэн Сяопина «не высовываться» все же нарушен, тому фактов – море, и в ближайшие

времена противоречия Пекина и других стран будут нарастать, как снежный ком. Если, конечно, не будет деликатного возврата к политике великого Дэна в этом вопросе. Тогда США используют другие варианты.

КНР, в свою очередь, также объективно заинтересована в крепком Казахстане, чтобы не пропустил сквозь себя армии моджахедов на восток. Если этого кто-то не понимает или не обращает как будто внимания, нужно объяснить рациональность такого подхода. Иногда люди думают, что и так понятно, но это не так. Взаимоотношения должны быть четкими.

Желаем и народу КНР мира и благополучия!

– А как соседи в нашем регионе?

– А братья-соседи по Средней Азии будут радоваться тому, что с севера и с востока у них щит казахский есть. Хорошо б заключить центрально-азиатский оборонный союз, как ранее и предлагал руководитель нашего государства Н.А.Назарбаев. Ибо, когда мир сходит с ума, соседям лучше обороняться вместе – 70 млн человек вместе лучше дадут отпор внешним агрессиям, чем это же сделают поодиночке. Если смогут.

Нам же остается соответствовать соседским, взаимно полезным, ожиданиям и крепчать, укрепляться.

Пожелаем родным братьям-среднеазиатам и еще раз всем соседям стабильности, добра и благополучия в скором на изменения XXI в.!

ПРОИЗОЙДЕТ ЛИ НЕМЫСЛИМОЕ?

– Насколько серьезными были территориальные претензии российских депутатов в контексте ваших прогнозов?

– Видный российский эксперт, доктор военных наук К.Сивков пишет в «Военно-промышленном курьере» (25.01.2021) в статье «Байден – глобальные задачи», что одной из главных задач новой американской администрации является: «...разгромить или взять под контроль гибридными войнами Россию и столкнуть ее с Китаем... Разрушить Россию как целостное государство».

Учитывая сегодняшнюю ситуацию, можно дать такому прогнозу К.Сивкова 30% вероятности. Вписываются в данные оценки и «предупредительные залпы» российских экспертов в СМИ в адрес нашей страны.

Были в СМИ материалы о том, что слишком близко расположены северные степные территории к их уральской военно-промышленной базе, что опасны для них закупки степняками американских самолетов-разведчиков, что объявленная латинизация алфавита и предлагаемые предложения по русскому языку направлены на отрыв от взаимного сотрудничества и стремление к Западу и т.д.

Многие казахстанцы говорят, что подобные материалы бывали и раньше, а латинизацию наши верхи намечали еще давно...

Увы, сегодня ситуация в мире другая. Управленческие элиты соседей также разделены на конкурирующие между собой могучие группировки и есть 30% вероятности, что часть верхов великих соседей может перейти черту и повторить то, что сделали с украинцами.

По участившимся информационным нападкам видно, что наступила новая реальность – 30% вероятности, что мы стоим перед реально возможной войной. И обязаны прагматически отнестись к реальности и стремиться к тому, чтобы ни один из главных трех супердержав мира не имел причин разрушать целостность нашего государства.

А самим быть едиными и крепкими. Перед лицом реальных опасностей необходимо сплочение. И чтобы никаких внутренних дрязг. Кто поднимает скандал между гражданами единого государства – провокатор.

Главный принцип сегодня: тұрақтылық, аманшылық, достық!

30 лет жили в мире и дружбе, дай Аллах еще тысячи лет! Мәңгілік Ел!

ЧТО ДЕЛАТЬ КАЗАХСТАНУ?

– Как лучше реагировать Казахстану на изменения в мире?

– Стратегия сохранения на карте Республики Казахстан в XXI в. коротка и триедина, заключающаяся в умном и правильном ведении внешней и внутренней политики:

1. Постоянно укреплять свое государство – его оборону, науку-образование-технологию, экономику, культуру.

2. Постоянно наращивать численность, качество и благосостояние народа. За следующие 50 лет довести численность населения до 50 млн человек! При 2% ежегодного прироста и приеме казахов из других стран эта задача выполнима.

3. Всеми усилиями достичь уровня опережающего развития своего народа и государства, что обеспечит конкурентоспособность в семье народов ООН. В ближайшие 5 лет войти в число стран 6-го технологического уклада. Талантов у нас океан, нужно дать им дорогу! Лодырей и арамтамаков гнать в шею – тогда и они станут работать, как все.

С 1 января 2021 г. Казахстан председательствует в ЕАЭС. В связи с этим президент РК К.К. Токаев обратился к главам государств ЕАЭС, где объявил предложения нашей страны о дальнейшем углублении и расширении деятельности ЕАЭС с целью повышения устойчивости всех наших стран в сегодняшнем турбулентном мире. Это – придание нового импульса промышленной кооперации, устранение барьеров в торговле, всестороннее использование транспортного потенциала, в т.ч. «один пояс – один путь», всеобъемлющая цифровизация, расширение выхода на внешние рынки. Темы деловые, требующие работы, засучив рукава. Совместной работы всех союзных стран. Только труд и взаимная доброжелательность есть залог успеха.

Финляндия рядом с Питером, и никому не мешает: ни России, ни Западу. Так и Казахстан никому не мешает.

...Итак, меньше двух лет осталось до трехсотлетия памятного года «Великого бедствия». С чем подходим к нему? Умнее ли стали за 300 лет? Сильнее ли?

Что нужно делать конкретно, чтобы наш народ и наше государство успешно прошли сквозь сложные времена возможных мировых катаклизмов?

Прежде всего – нужно быть едиными в помыслах и делах.

– Торегали Абдуллаулы, большое спасибо за глубокий анализ и прогнозы!

P.S. **Корпорации контролировали и контролируют континенты, ресурсы и человеческую жизнь – вот основной вывод Торегали Казиева. В самом деле, все развитие человечества шло к этому, всевозможные великие революции были призваны разрушать суверенитет стран, первая мировая война убрала с арены мировые империи, монархии, вторая мировая война привела к ослаблению ряда стран и усилению корпораций и т.д. В наше время эта тенденция достигает пика – ушел Трамп, внесистемный игрок, борец с ВОЗ, с корпорациями и т.д., придет «китайский» стандарт контроля и регулирования человека с помощью паспорта вакцинации, приложений в смартфонах, всевозможных технологий слежения, конкретно идет биологическая, «гибридная», экономическая, финансовая и др. война, большие рыбы поедают маленькие... Характерно, что Россия предъявляет претензии к своим союзникам – Беларуси, Казахстану, учитывая и аппетиты российских корпораций.**

Дастан ЕЛДЕС



Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

Сот мәжілісі өтуде:
– Сіз не үшін досыңыздың жағын сындырдыңыз?
– Ол маған бір жаман хабар мен бір жақсы хабар алып келдім деді.
– Сол үшін де оны қатты жарақаттауға бала ма?
– Өзі ғой, бірінші жақсы хабарды айтпай ма екен адам деген...

Екі жігіт әңгімелесіп тұр:
– Өткенде үйге ұры түсіп, аз-маз ақшамызды үптеп кетіпті. Өзі бір керемет ұры екен!
– Түсінбедім.
– Әйелімнің тыққан ақшасын мен таба алмай жүрсем...

Сот қызметкері арызданушы әйелге:
– Сіз күйеуіңізбен не үшін ажыраспақшысыз?
– Не дәмділеп тамақ істей алмаса, тазалап кір жуа алмаса, дұрыстап ыдыс-аяқты тазалай алмаса, не балаға жақсы қарай алмаса – ондай күйеудің керегі не?

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Бір жігіт гүл сататын жерге келеді. Сатушы әйел оған:
– Сіз бойдақсыз ба, әлде үйленгенсіз бе?
– Үйленгенмін.
– Онда арзан гүлдердің тәуірінен таңдап берейін...
***
Жас жігіт пен бір кішкентай бала сөйлесіп тұр:
– Мен саған берген хатты тәтеңе бердің бе?
– Тәтем үйде болмаған соң әкеме бердім.
– Әкең не деді?
– Әкем оқып шығып қатты ашуланды да, хатты өзіңе қайтарып берсін деп еді...
– Хат қайда?
– Кеше сіз үйде емес екенсіз, хатты әйеліңізге бердім.
***
Сот отырысы өтіп жатыр:
– Куәгер, сіз заңып болсаңыз қылмыскерді көрдім деп қалай айта аласыз?
– Дауысынан таныдым деп тұрмын ғой сізге...
***
Бір еркек полиция бөлімшесіне келіп шағым айтады:
– Мені әйелім уландырғалы жүрген сияқты.
– Неге олай деп ойлайсыз?
– Кеше ол «Зиянкестерден қалай құтылуға болады?» деген кітап сатып алды...
***
Жігіт қызға:
– Не болып қалды, неге жылап тұрсың?
– Ата-анам біздің үйленуімізге қарсы.
– Соған да жылай ма екен, үйленбей-ақ қояйық онда.
***
Дәрігер науқасқа:
– Сізге қатты ашулануға болмайды, ұстамдылыққа үйреніңіз.
– Не деп сандалып тұрсың өзі, отырған жеріңде быт-шытыңды шығарайын ба қазір...
****
Қала көшелерінің бірінде жүк көлігін тоқтатқан МАИ қызметкері жүргізушіге:
– Мен сені осымен үшінші рет тоқтатып, көлігіңнің жүк салғышынан бірдеме төгіліп жүргенін айтып, ескерттім емес пе?
– Он рет тоқтатсаң да, айтайын саған: мен жолға топырақ пен құм сеуіп жүрмін, түсіндің бе?

№5 санында шыққан сөзжұмбақтың жауабы



Смартфонның батареясымен жұмыс істейтін жасанды жүрек шығарылды

Францияның Carmat компаниясы смартфонда қолданылатын литий-ионды батареясымен жұмыс істейтін жасанды жүрек ойлап тапты.

Aeson деп аталатын жасанды жүрек адамның орташа жүрегінен 3 есе ауыр. Оны шығарған компания 27 жылдан бері жасанды жүректің жасалуымен айналысады.

Жасанды жүрек сенсорлармен, қалыпты қан ағымын қамтамасыз ететін гидравликалық жүйемен жабдықталған және жаттығу кезінде жоғары жылдамдықты қолдау үшін ағынның жылдамдығын реттей алады. Демек, жүрегінде ақауы бар адамдар төсекте жатудың немесе арнайы құрылғыларға үнемі қосылудың орнына күніне 4 сағаттай қозғалып, бір

құрылғыны 5 жылға дейін қолдана алады.

Carmat-тың жасанды жүрегі адам жүрегінің функцияларын орындайды және қан ағынын жеңілдететін 4 биологиялық клапан, 2 қарынша, 2 микропомпа, датчиктер, сыртқы құрылғы, батарея және құрылғының жұмысын бақылау үшін пультпен жабдықталған.

Франция компаниясы жүрек ауруынан зардап шегетін науқастарға толық имплантацияланған жүректі қолдануды жоспарлап отыр. Бұған дейін жасанды жүрек қойылған науқас 2 жыл бақылауда болған. 2 жыл ішінде біраз жақсы нәтиже көрсеткен.

Компанияға жасанды жүректі сату үшін еуропалық биліктен рұқсатты 10 жыл күткен. Осылайша, Франция компаниясы Еуропа тарихында жасанды жүректерді сатуға рұқсат берілген алғашқы компания болды. Құрылғы 2021 жылдың екінші жартысында сатуға шығарылады.

massaget.kz

АЗАМАТ ЕДІ АЯУЛЫ

Әнес Сараевпен қоштасу

Адамзаттың дүшпаны арсыз ажал тағы бір асылымызды арамыздан алып кетті. Нұр-Сұлтан қаласынан түн қатып жеткен қайғылы хабар Әнес Сараевтың өмірден озғанын жеткізгенде дене мұздап, жүрек сыздап сала берді.

Жататын дәйім жаңғырып,
Бұл ғұмыр емес мәңгілік.
Би опа мына заманда,
Бақұл боп кетер адам да, –

деген Әл-Фараби сөзін қайғылы қара көңілге сәл-пәл демеу етсем де жұбана алар емеспін. Жас келіп, ауру-сырқау көбейген тұста қатарың сиреп, қаламдас-тағдырлас, мұңдас, сырлас достан айрылу неткен қиын, қандай ауыр!

Әнес дос артына мол мұра қалдырды. Өзгесін айтпағанның өзінде 1992 жылы мемлекеттік сыйлық алған «Еділ-Жайық» романы мен ноғайлылар жайлы зерделі зерттеуі оның есімін әдебиет тарихына алтын әріппен жазары анық.

Әнес Сараев азамат еді аяулы. Әнес достың өмірлік серігі Алтыншаш қарындасыма, барлық етжақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамын.

Қош, өлді деуге сыймайтын, қоштасуға қимайтын қайран дос. Жаның жаннатта болсын.

Сәбит ДОСАНОВ
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
Алматы
2.02.2021

■ JAŃA KITAP

ҚАЗАҚ ЕЛІ МАЙДАНГЕРЛЕРІНЕ АРНАЛДЫ

1944 жылы 27 қаңтарда Ленинградтан 827 күнге созылған қоршау алынып тасталуының құрметіне мерекелік отшашу болды.

Ленинградты қорғау үлкен әскери-стратегиялық, саяси және моральдық маңызға ие еді. Өз қаласын қиын жағдайда жаудан аман алып қалған Ленинград қорғаушыларының ерлігі бүкіл армия мен мемлекетті шабыттандырды.

«Atamnyn Amanaty» Қоғамдық бірлестігі Басқармасының құрметті мүшесі, Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, «Мемориалдық аймақ» іздестіру жасағының командирі Майдан Кәмекұлы Құсайынов отыз жылдан астам Ленинград облысының аумағындағы Синявинский батпақтары мен жоталарындағы іздеу жұмыстарын басқарып келеді.

Іздестіру жасағы 1977 жылдан бері Ленинградты қорғау кезінде қаза тапқан Қызыл Армияның мыңдаған жауынгерлерінің сүйектерін қазды.

Алынған материалдардың негізінде М.Құсайынов бірқатар мақалалар, кітаптар мен оқулықтар жазды», – дейді «Atamnyn Amanaty» ҚБ Басқарма төрағасы Мұрат Молдағалиев.

Майдан Құсайыновтың «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан майдангерлерінің тарихы» кітабының әр бөлімінде автор Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесін шешкен Ұлы Отан соғысының басты шайқастарындағы қазақстандық әскери құрамалардың рөлін ерекше атап өткен. Оқу құралы Ұлы Отан соғысының тарихи шайқастарын, ең алдымен егжей-тегжей әрі нақты әскери карталарды сүйемелдеуімен ерекшеленеді. Соғыстың әр кезеңінде кеңес әскерлерінің де, жау әскерлерінің де қаружарақтары, танктері, ұшақтары мен әскери формалары жақсы суреттелген.

qazaquni.kz

■ İS-SHARA

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛАҒАТЫ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті еліміздегі мектеп оқушыларының зияткерлік әлеуетін көтеру жолында көптеген жобалар мен іс-шараларды жүйелі жүзеге асыруда. Соның бір айғағы – «Ұлы даланың ұлы қыздары» атты білім сайысы.

Тарих және шетел тілдері институтының қолдауымен өтетін дәстүрлі білім додасы биыл да ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы олимпиадаға Түркістан, Қызылорда, Алматы облыстары мен Шымкент және Алматы қалаларындағы мектептердің оқушылары қатысып, бақтары мен баптарын сынасты.

Сайыстың бірнеше кезеңнен тұратын іріктеуінен өткен сегіз команда ақтық мәреде өз білімдерін паш етіп, бес айналым бойынша тапсырма орындады. Атап айтқанда, білім алушылар «Таныстыру», «Тарихи хронология», «Ұлы даланың қаһарман қыздары», «Тарихи терминология» және «Ой толғау» турлары бойынша өзара мықтыны анықтады.

Алғашқы кезеңде әр команда өзінің университеті мен мүшелерін таныстырып, команданың атын қорғады.

«Тарихи хронология» атты екінші айналымда әр команда ұяшықтардың артында жасырылған тарихи даталардың мағынасын дұрыс ашуы тиіс. Бұл сандар Ұлы даланың ұлы қыздарының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметімен байланысты. Командалар дұрыс жауап бергеніне қарай ұпай еншілейді.

Үшінші турда қатысушыларға «Ұлы даланың қаһарман қыздары» тақырыбындағы арнайы бейнетаспаға түсірілген сауалдар қойылды.

«Тарихи терминология» атты төртінші айналымның шарты бойынша әр команда тарихи терминдерге үш деңгей негізінде анықтама беруі тиіс. 1-деңгей «қола қақпа», 2-деңгей «күміс қақпа» және 3-деңгей «алтын қақпа» деп аталады. Толық жауап берген команда ғана үш қақпаны ашқан болып, толық бағаланады. Үшінші қақпаның сұрағы ағылшын тілінде қойылады, сәйкесінше, командалар сұрақтарға ағылшын тілінде жауап береді.

Соңғы кезең «Ой толғау» деп аталады. Бұл айналымда ел тарихындағы есімдері ұлықталған ұлы қыздар туралы эссе сұрақтар жеребе негізінде әр команда жетекшісіне үлестіріледі. Шарт бойынша сайыскер тапсырманы орындауға берілетін он минутте жүз сөзден кем емес эссе жазуы тиіс.

– Республиканың әр аймағынан жиналып, бір арнада бас қосқан білімпаз жастар қойылған сауалдарға жауап беріп, берілген тапсырмаларды орындау барысында ойларын жан-жақты тұжырымдай білді. Тарих пәнінен алған таным деңгейлерін айқын көрсетті. Қазылар алқасы әрбір топтың жауаптарына қатысты өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіріп, тиісті бағаларын берді, – дейді қазылар алқасының мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты Ердәулет Берлібаев.

Олимпиада қорытындысы бойынша бірінші орынға Алматы облыстық №15 мектеп-интернатының оқушыларынан құралған «Қайсар қыздар» тобы лайық деп танылды. Екінші орынды Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы №37 мектеп-лицейінің «Тұмар» тобы мен Шымкент қаласындағы №90 гимназиясы иеленсе, үшінші орынды Алматы облысының Қаскелең қаласындағы Абай атындағы орта мектеп-гимназиясының «Хансұлу» және Алматы қаласындағы №15 гимназиясының «Қағанат» командалары өзара бөлісті.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Алғыс хаттармен және дипломдармен марапатталды.

qazaquni.kz

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	429,24	3 ай	қала	1287,72	6 ай	қала	2575,44	12 ай	қала	5150,88
1 ай	ауыл/аудан	447,86	3 ай	ауыл/аудан	1343,58	6 ай	ауыл/аудан	2687,16	12 ай	ауыл/аудан	5374,32

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС

ҚАЗАҚ ҮНІ

Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің Бас редакторы – Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы - Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор –
Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген